

**ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ АГРАРЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ВЕТЕРИНАРИЯ ФАКУЛЬТЕТІ**

**Акушерлік, хирургия және жануарлардың өсіп-өну биотехнологиясы  
кафедрасы**

5В120200-ветеринариялық санитария мамандығы студенттеріне

**«Алғашқы ветеринарлық көмек» пәнінен зертханалық, тәжірибелік және  
өзіндік жұмысты орындауға арналған**

**ӘДІСТЕМЕЛІК НҮСҚАУЫ**

АЛМАТЫ, 2013 ж.

Авторлар: Абдулла А.А., в.ғ.к., қауымдастырылған профессор, Орынханов К.А. в.ғ.к., қауымдастырылған профессор, Жумаханова Р.М. аға оқытушы, ассистент Алимгазина С.

**Пікір беруші:**

ҚазҰАУ-нің «Биологиялық қауіпсіздік» кафедрасының аға оқытушысы, ветеринария ғылымының кандидаты Кенжебекова Ж.Ж.

Ветеринариялық медицина және биотехнология факультетінің Акушерлік іс және хирургия кафедрасының мәжілісінде талқыланды (№ 6 хаттама, 29 желтоқсан 2012 ж.).

«Ветеринариялық медицина және биотехнология» факультетінің оқу-әдістемелік комиссиясының мәжілісінде мақұлданды. №6 хаттама, «29» қаңтар 2013 ж.

ҚазҰАУ ОӘЖБ тіркеу № 724 14.02 2013 ж.

## АЛҒЫ СӨЗ

Соңғы жылдары Республикада мал басының өсуіне көңіл бөлінбеді, олардан алынатын өнімдерінің сапасына талдау жасалмай, тіпті кейде малға және басқа да жануарларға мезгілінде жедел ветеринарлық жәрдем көрсетілмей, олардың өлім-жітімге ұшырауы жиі кездесіп тұрды. Өміріне қауып туғызарлық ауруға кенеттен шалдыққан мал мен жануарларға алғашқы ветеринарлық жедел жәрдем көрсетілуі керек. Ветеринарлық жедел жәрдем мал дәрігерінің, орта және кіші ветеринария қызметкерлерінің тікелей міндеті.

Мұндай жәрдемнің тәуліктің кез-келген мезгілінде және ешқандай жағдайға байланыссыз сапалы және тиімді көрсетілуі тиіс.

Сондықтан да жедел ветеринарлық жәрдемнің тез көрсетілуінің, мамандардың қажетті жабдықтармен және ауру мал мен жануарлардың организміне әсер ететін дәрілермен қамтамасыз етілуінің маңызы зор. Алғашқы жедел ветеринарлық көмек басқа да ветеринария жұмыстарымен қоса мал дәрігерлік емдеу ісінің негізін қалайды. Алғашқы ветеринарлық жедел жәрдем мал тұрған жерде, лезде, жедел, сапалы тез арада көрсетілетін жәрдем.

Сондықтан да, болашақта ветеринарлық санитария мамандығын тиянақты игеру үшін, алғашқы ветеринарлық көмек пәнінің маңызы өте зор.

Алғашқы ветеринариялық көмек пәнінің студентке арналған оқу – әдістемелік кешенінде (ПСОӘК) пәннің негізі жазылған. Бұл студенттердің осы пәнді меңгеруге және тәжірибе алуға, студенттердің өздігінен жұмысты дұрыс ұйымдастыра білуге, өз білімін тексеруге мүмкіндік береді.

**Алғашқы ветеринариялық көмек пәнінің негізгі мақсаты:** студентті теориялық біліммен, тәжірибелік дағдымен қамтып жануарларға сапалы алғашқы ветеринариялық көмек әдістерін игеру.

**Міндеті:** жануарларға АВК бойынша түрлі жарақаттарда, жануарларды дұрыс қолданбаудың әсерінен, ерекше инфекцияларда, жұқпалы емес, паразитарлық және инфекциялық аурулар туралы жалпы білім беру.

### **Төменгі тараулардан тұрады:**

Кіріспе, АВК-ті ұйымдастыру, асептика және антисептика, анестезиология, десмургия, дәрілік заттарды қолдану әдісі, реаниматологияның жалпы сұрақтары, қан ағу және оны тоқтату, жіті хирургиялық инфекцияларда және патологияларда көрсетілетін АВК, жануарлардың жарақаттануы, жара, жұқпалы емес ауруларда көрсетілетін АВК, жіті инфекциялық және паразитарлық ауруларда көрсетілетін АВК.

## **Қолданылатын әдебиеттер тізімі**

### **Негізгі қолданылатын әдебиеттер:**

1. Ильясов Б.К. Алғашқы ветеринарлық жәрдем. Алматы, 2001 ж.
2. Муралинов К.К. Оперативтік хирургия. Алматы, 2006 ж.
3. Ильясов Б.К. Ветеринарлық хирургия. Алматы, 2008ж.

4. Дұрманов Қ.Д. Жалпы хирургия. Алматы, 2006 ж.
5. Абдулла А.А. Ашық механикалық жарақат. Алматы, 2011 ж.

**Қосымша қолданылатын әдебиеттер:**

1. Общая ветеринарная хирургия/ А.Д. Белов и др.; Под ред. А.Д. Белова.-2-е изд., М.: Колос, 1981
2. Ветеринарная фармация: Под ред.В.Д.Соколова.-496с.; М.:Колос, 2003
3. Магда И. И. и др. Оперативная хирургия с основами топографической анатомии домашних животных. М.: Колос, 1979;
4. Уша В.В., Фельдштейн М.А., Первичная ветеринарная помощь при незаразных болезнях животных. М.,1988
5. Шебиц Х. и др., Оперативная хирургия.// М., «Аквариум», 2001. – 511 с.
6. Санин А. и др., Справочник самостоятельная ветпомощь собаке.// Минск. «Хэлтон». 2001. -297 с.
7. Паршин А.А. и др., Хирургические операции у собак и кошек.// «Аквариум», ФГУИППВ. 2003. – 230 с.
8. Полли М. Тейлор и др., Травматология собак и кошек.// М., «Аквариум», 2003. -221 с.

**Оқу жұмыс жоспарынан көшірме**

Кесте 1

Курс	Мамандығы	Кредит саны	Оқу түру	дәріс	Тәжіри белік сабақ	Зерт - лық сабақ	СОӨ Ж	СӨ Ж	Барлығы
3	АВК	2	Күндізгі	10	10	10	20	40	90

## **МАЗМҰНЫ**

### **Зертханалық сабақтар**

1. Малды бекемдеу және құлатып бекемдеу әдістері
2. Хирургиялық құралдарды, тігін және таңғыш материалдарын зарасыздандыру
3. Инъекциялар, пункциялар және қан ағызу
4. Тері және ішек тігістері
5. Жалпы және жергілікті жансыздандыру.
6. Қан ағу және қан ағысты тоқтату
7. Дәкелік, иммобилизациялық және арнайы таңғыштар
8. Дәрілерді енгізу жолдары және әдістері
9. Жарақаттарда және жараларда көрсетілетін АВК
10. Шығуларды және сынықтарда көрсетілетін АВК

### **Тәжірибелік сабақтар**

1. Байлам материалдарын және құрал жабдықтарды дайындау
2. Малды және хирургтың қолын операцияға дайындау.
3. Дәрілер туралы түсінік, дәрілерді сақтау ережелері
4. Реаниматология негіздері
5. Күю және үсулерге көрсетілетін АВК
6. Улану кезінде көрсетілетін АВК
7. Жұқпалы емес ауруларды көрсетілетін АВК (өңеш бітелуі)
8. Туу барысында көрсетілетін АВК
9. Мес қарынды және қуықты тесу.
10. Соғылуларда және ми шайқалғанда көрсетілетін АВК

### **Студенттердің өзіндік жұмысы**

## Зертханалық сабақ №1

**Тақырып:** Малды бекемдеу және құлатып бекемдеу әдістері

**Сабақтың мақсаты** - ірі қараның, жылқының, ұсақ малдардың құлату және бекемдеу әдістерінің техникасын үйрену.

**Сабақты жүргізудің әдісі:** оқытушы студенттердің теориялық білімін тексеріп, топты 4-5 студенттен 2-3 топшаға бөледі. Оқытушы алдымен осы тақырыпқа қажет жабдықтармен таныстырады, сонан соң құлату және бекемдеу әдістерін малдарда жасап көрсетеді. Оқытушының жетекшілігімен студенттер малды құлатудың және бекемдеудің әдістерін жасап меңгереді.

**Сабақты жүргізетін орын:** Клиника, операциялық бөлме немесе шаруашылық.

**Құрал жабдықтар және материалдар:** Құлату ремендері, арқандар, бұранда, брезент, бекемдегіш станоктар, ұсақ және ірі малдарға арналған операциялық столдар.

**Тәжірибелік жануарлар:** Ірі қара мал, жылқы, қой, есек, қоян, теңіз шошқасы, тышқан.

**Жұмыстың барысы:** Осы тақырыпты өту барысында, жануарлармен жұмыс жасағанда, әртүрлі ветеринарлық манипуляциялар жүргізгенде, студенттер жануарларды бекемдеудің қажеттілігін, маңызын түсіну және меңгеру қажет. Ол үшін жануарларды бекемдеудің барлық әдісін үйрену керек.

Жұмысты орындау барысында жануарларға жақындау, олармен жұмыс жасау ережесінің кезектілігін сақтау қажет. Әсіресе жануарларды құлатқанда және операция столында бекемдегенде ескеру қажет, өйткені жануарлар жарақаттануы мүмкін. Өзіңе және көмекшіге жануарлардан жарақат келмес үшін техника қауіпсіздігін сақтау қажет.

Ауырған мал мен жануарларға алғашқы жедел жәрдем көрсету үшін оларды дұрыс бекемдеу керек. Сондықтан да мал мен жануарларға көрсетілетін мал дәрігерлік жедел жәрдемнің нәтижелі болуы, ең алдымен дұрыс та тиімді әдістерді қолдана отырып бекемдеуге байланысты. Сонымен қатар малды дұрыс дер кезінде бекемдеу, дәрігер мен оның көмекшілерінің өміріне қауіпсіздік шарасы да болып табылады. Ірі малды тұрған күйінде бекемдеген қолайлы.

Жылқының, ірі қара малдың және ұсақ малдың құлату әдістерін көрсетіндер:

**1 –тапсырма.** Жылқының құлату әдістерін жасаңыздар.

Орыс әдісін

Решетняк әдісін

Берлин және ағылшын әдісін

**2 –тапсырма.** Ірі қараны құлату әдістерін жасаңыздар.

Гесс әдісін

Итальян әдісін

Кавказ әдісін  
Мадсен әдісін  
Латифов әдісін

**3 –тапсырма.** Бекемдегіш және операциялық столдарда малды бекемденіздер.

Китаев столында  
Виноградов столында

Ірі қаранының И.Жемайтиса және А.Юревичуса операциялық столдарында

Л.С. Сапожников операциялық столдарында

Ұсақ малдардың Виноградов операциялық столдарында

**4 –тапсырма.** Жануарлардың қозғалысын тежейтін фармакологиялық препараттарды қолданыңыздар.

Жануарлардың қозғалысын тежеу үшін седативті (аминазин) немесе бұлшықетті босаңсытатын (комбелен, ромпун, стреснил, миокаин, реорганин, резил, гваямар) препараттар қолданылады.

Аминазин венаға (1,5-2,5% ертінді 0,5-1мг/кг) 4 минутта кейін әсері басталады, 4 сағат әсер етеді, бұлшықетке 0,5%-ды немесе 1%-ды новокаиннің ертіндісінде дайындалған аминазин қолданылады, әсері 30-40 минуттан кейін басталады. Ірі қараға венаға 1,5-2,5% ертіндіні 0,5-1,5 мг/кг, ұсақ малға, шошқаға, итке – венаға 1,5-2 мг/кг, бұлшықетке 2-3мг/кг енгізеді.

Комбеленнің 1% ертіндісінің дозасы: жылқыға 100 кг салмаққа 0,5-1,0 мл; ірі қараға 2 есе көбейтеміз. Венаға енгізгенде 10-15 минуттан кейін, бұлшықетке енгізгенде 15-40 минуттан кейін әсер етеді.

Ромпун ірі қараға жиі қолданады, бұлшықетке, дозасы 100 кг салмаққа; 0,25; 0,5; 1 және 1,5 мл.

Стреснил препаратын шошқаға бұлшықетке, 4%-ды ертіндінісін 0,5-1,0 мг/кг салмаққа, ал белсенділікті басу үшін 2 мг/кг салмаққа, кейбір жағдайда немесе жас шошқаларға 8 мг/кг енгізеді.

### Бақылау сұрақтары

1. Жануарларды бекемдегенде техника қауіпсіздігін қалай сақтау қажет?
2. Қандай операцияларда жануарларды тұрып тұру жағдайында бекемдеу қажет?
3. Ірі қараның және жылқының артқы және алдыңғы аяқтарды бекемдеудің қандай әдістері бар?
4. Ірі қараның және жылқының құлатудың, қандай әдістері бар, ол неге негізделген?
5. Қандай операциялық столдар бар?
6. Ұсақ малдарды бекемдеу және құлатудың қандай әдістері бар?
7. Жануарлардың қозғалысын тежеу үшін қандай препараттар қолданылады, атап өтіңіздер?

## **Қолдануға ұсынылатын әдебиеттер тізімі**

### **Негізгі қолданылатын әдебиеттер:**

1. Ильясов Б.К. Алғашқы ветеринарлық жәрдем. Алматы, 2001 ж.
2. Муралинов К.К. Оперативтік хирургия. Алматы, 2006 ж.
3. Ильясов Б.К. Ветеринарлық хирургия, Алматы. 2008ж.
4. Дұрманов Қ.Д. Жалпы хирургия. 2006 ж.

### **Қосымша қолданылатын әдебиеттер:**

1. Общая ветеринарная хирургия/ А.Д. Белов и др.; Под ред. А.Д. Белова.-2-е изд., М.: Колос, 1981
2. Магда И. И. и др. Оперативная хирургия с основами топографической анатомии домашних животных. М.: Колос, 1979;
3. Уша В.В., Фельдштейн М.А., Первичная ветеринарная помощь при незаразных болезнях животных. М.,1988
4. Шебиц Х. и др., Оперативная хирургия.// М., «Аквариум», 2001. – 511 с.
5. Санин А. и др., Справочник самостоятельная ветпомощь собаке.// Минск. «Хэлтон». 2001. -297 с.



## Зертханалық сабақ №2

**Тақырып:** Хирургиялық құралдарды, тігін және таңғыш материалдарын зарасыздандыру

**Сабақтың мақсаты** – хирургиялық жабдықтарды (меттал, шыны, резина), тігін материалдарын қайнату немесе антисептикалық ертінділерді пайдалана отырып залалсыздандырудың әдістерін меңгеру.

**Сабақты жүргізудің әдісі:** оқытушы студенттердің теориялық білімін тексеріп, топты 4-5 студенттен 2-3 топшаға бөледі, ол үшін тігін және әр түрлі жабдықтарды залалсыздандыру әдістерін меңгеруіне студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастырады.

**Сабақты жүргізетін орын:** Клиникадағы стерилді бөлмелерде немесе операциялық бөлмеде.

**Құрал жабдықтар және материалдар:** Инструменттер (скальпелдер, қайшылар, инелер, іскектер), қарапайым немесе электірлік стерилизаторлар, шприцтер, мензуркалар, резиналы катетерлер, перчаткалар, электроплиткалар, әр түрлі жіптер (жібек, кетгут, мақта –мата, зығыр, синтетикалық, капрон, лавсан және т.б.) химиялық препараттар (3% натрий тетрабораты, 1% - натрий карбонаты, 0,1% натрий гидроокись, 5% нашатыр спирті, 5% глицерин ертіндісі, 0,1% сулема ертіндісі, 96<sup>0</sup> спирт, 2%, 4% формалин ертіндісі, 1% - ды йодты спирт ертіндісі, карбол қышқылы, эфир), дәке, мақта, мата.

**Жұмыстың барысы:**

**1-тапсырма.** Құрал жабдықтарды физикалық әдіспен залалсыздандырыңыздар.

Аспаптарды стерилдеудің тәсілдерінен ең көп таралғаны *қайнату*; өрілген және гуттаперчамен қапталған аспаптарды химиялық заттармен өңдейді. Барлық металл аспаптарды: скальпелдерді, қайшыларды, инелерді, іскектерді, әртүрлі қайшыларды, қысқыштарды суға сілті (3% натрий тетрабораты, 1% - натрий карбонаты, 0,1% натрий гидроокись) қосу арқылы стерилдейді. Аспаптарды қайнатар алдында тазалайды, ірі және күрделі аспаптарды бөлшектейді, инъекциялық инелерді мандреннен босатады, аспаптардың үшкір бөлігін және шыны заттарды дәкеге орайды.

Суды арнайы ыдыстарда яғни қарапайым және электрлік стерилизаторларда қайнатады.

Стерилизацияның басқа әдісі *фламбирлеу*. Ол үшін барлық металл аспаптарды үлкен ыдысқа салып үстіне спирт құйып өртейді. Бұл әдістің кемшілігі хирургиялық аспаптар тез тозады.

*Күйдіргіш шкафтарға* 120-140<sup>0</sup>С температурада 1 сағат стерильдеуге болады.

*Ультракүлгін сәулелермен стерильдеу.* Аспаптарды үстелдің үстіне жайып қойып 1 сағат 1 метр қашықтан емес алыс ультракүлгін лампасын қойып домдайды.

*Резеңке заттарды* (буждарды, түтіктерді, дренаждарды, катетірлерді) тазартылғаннан кейін дис. суда 30 минут қайнатады. Теріден әдіптелген заттарды формалин буымен стерилдейді.

**2-тапсырма.** Тігін материалдарын (жібек, зығыр, мақта-мата, синтетикалық жіптер және кетгут) залалсыздандырыңыздар.

***Жібек жіпті стерилдеу үшін қолданылатын әдістер:***

*Садовский тәсілі.* Жібек жіпті алдымен ыстық суда 2 мин сабынмен жуады, шаяды, жіп орағышқа орап 15 минутқа 0,5%-ды мүсәтір спиртінің ертіндісіне 70<sup>0</sup> спирт ертіндісіндегі 2%-ды формалин ертіндісінде 15 минутқа салады.

*Дениц әдісі.* Шыны катушкаға оралған жіпті 0,1%-ды сулема ертіндісінде 15 минут қайнатып, осы ертіндіде немесе 96<sup>0</sup> спирт ертіндісінде аузы жабық ыдыста сақтайды.

*Кохер әдісі.* Шыны катушкаға оралған жіпті 12 сағатқа эфирде, сосын осы уақытқа 96<sup>0</sup> спирт ертіндісінде салады. Сосын 0,1%-ды сулема ертіндісінде қалыңдығына байланысты 3-10 минут қайнатады, сол ертіндіде сақтайды.

***Кетгутті стерилдеу үшін қолданылатын әдістер:***

Мұқияттылықты талап етеді, себебі ол ұсақ малдың ішектің кілегей асты қабатынан дайындалғандықтан, онда патогенді микроорганизмдердің спорасы болуы мүмкін. Кетгут 7-30 күнде ұлпаға сіңіп кететін қасиеті бар. Кетгутті жоғарғы температурамен немесе басқа әдіспен өңдеуге болмайды.

*Покотило әдісі* қарапайым және жеңіл түрі. Кетгутті 72 сағатқа 4%-ды формалин ертіндісінде салынады.

*Губарев әдісі.* Кетгутті майсыздандыру үшін 12 сағатқа бензинге салады, сосын шығарып кептіріп, 14 күнге 1%-ды йодты спирт немесе йодты калий ертіндісіне салады.

*Садовский-Котылева әдісі.* Кетгутті 30 минутқа 0,5%-ды мүсәтір спирттің ертіндісінде, сосын 65<sup>0</sup> спирт ертіндісіндегі 2%-ды формалин ертіндісіне 30 минутқа салады.

***Мақта – мата және зығыр жіптерді стерилдеу үшін:*** Садовский әдісі қолданылады. Бұл жіптердің беріктігі жібек жіптің беріктігінен төмен. Әдетте №10-20 жіптерді тері ақауларын тігуге, ал жіңішке жіптерді ішкі мүшелерді тігуге қолданылады.

***Синтетикалық жіптерді стерилдеу үшін*** қайнату әдісі қолданылады. Бұл жіптердің беріктігі жоғары, қайнатуға және басқа әдістермен өңдеуге болады, кемшілігі түйіндеп байлау қиын.

**3-тапсырма.** Аспаптарды сақтаңыздар. Барлық аспаптарды операциядан кейін мұқият жуады, стерилдейді және кептіреді. Сосын оларды құрғақ шкафқа жайып салады, оның ішіне хлорлы кальций бар ыдыс қойылады. Басқа препараттарды, әсіресе йодты препараттарды аспаптармен бірге сақтауға болмайды. Инъекциялық инелерді жуып болған соң мандренмен бірге жартылай спирт, жартылай эфир құйылған жабық ыдыста сақтайды. Резиналық заттарды металл аспаптарынан бөлек сақтайды. Резеңке заттарды

жұмсарту үшін 15 мин жылы 5%-ды нашатыр спиртінде, сосын осындай уақытқа 5%-ды глицерин ертіндісіне салады. Металл аспаптарында пайда болған дақтарды бормен нашатыр спирті (1:2) араласқан қосындымен сүртеді.

**4-тапсырма.** Таңғыш материалдарын (халат, қалпақ, сүлгі, дәке, мақта) залалсыздандырыңыздар. Ол үшін автоклавтау, үтіктеу және булау әдістерін қолданыңыздар.

### **Бақылау сұрақтары**

1. Жібек жіпті стерилдейтін қандай әдістерді білесіз?
2. Кетгутті стерилдейтін қандай әдістерді білесіз?
3. Мақта-мата және зығыр жіптерді қалай стерилдейді?
4. Синтетикалық жіптерді қалай стерилдейді?
5. Аспаптарды сақтау жолдары

### **Қолдануға ұсынылатын әдебиеттер тізімі**

#### **Негізгі қолданылатын әдебиеттер:**

1. Ильясов Б.К. Алғашқы ветеринарлық жәрдем. Алматы, 2001 ж.
2. Муралинов К.К. Оперативтік хирургия. Алматы, 2006 ж.
3. Ильясов Б.К. Ветеринарлық хирургия, Алматы. 2008ж.
4. Дұрманов Қ.Д. Жалпы хирургия. 2006 ж.

#### **Қосымша қолданылатын әдебиеттер:**

1. Общая ветеринарная хирургия/ А.Д. Белов и др.; Под ред. А.Д. Белова. -2-е изд., М.: Колос, 1981
2. Магда И. И. и др. Оперативная хирургия с основами топографической анатомии домашних животных. М.: Колос, 1979;
3. Уша В.В., Фельдштейн М.А., Первичная ветеринарная помощь при незаразных болезнях животных. М.,1988
4. Шебиц Х. и др., Оперативная хирургия.// М., «Аквариум», 2001. – 511 с.
5. Санин А. и др., Справочник самостоятельная ветпомощь собаке.// Минск. «Хэлтон». 2001. -297 с.

### №3 зертханалық сабақ

**Тақырып:** Инъекциялар, пункциялар және қан ағызу

**Сабақтың мақсаты** -Жылқыға, ірі қара малға, шошқаға, итке, құстарға және зертханалық жануарларға тері астына, тері ішіне, бұлшықетке инъекциялау, қан ағызудың және пункция жасаудың техникасын үйрену.

**Сабақты жүргізудің әдісі:** оқытушы студенттердің теориялық білімін тексеріп, топты 4-5 студенттен 2-3 топшаға бөледі. Алдымен өзі қанды ағызудың, инъекция және пункция жасаудың техникасын көрсетіп, сонан соң студенттер өздері малда немесе муляждарда жасап үйренеді.

**Сабақты жүргізетін орын:** Клиника немесе операциялық бөлмеде.

**Құрал жабдықтар және материалдар:** әр түрлі шприцтер, қайшылар, резеңке жгут, малды бекемдейтін арқандар немесе станоктар, байлам материалдары (дәке, мақта), инъекцияға арналған стерильді ертінділер, қолды және инъекциялайтын немесе тесетін орынды өңдейтін 5% -ды йод, 96<sup>0</sup> спирт.

**Тәжірибелік жануарлар:** Ірі қара мал, қой, есек, қоян, теңіз шошқасы және құс (тауық).

**Жұмыстың барысы:**

**1 – ші тапсырма.** Тері ішіне инъекция жүргізіңіз. Ол үшін терінің ішіне 2-3 мм иненің ұшын енгізіп, 0,2-0,5 мл сұйықтықты шектелген төмпешік пайда болғанға дейін енгізіңіз.

**2 – ші тапсырма.** Тері астына инъекция жасаңыз. Ол үшін сол қолыңыздың сұқ саусағымен бас бармағыңыздың көмегімен тері көп орналасқан жерден теріні тартып тұрып 2-3 см тереңдікке енгізесіз. Сонан соң инені шығарып, енгізген жерін 5% ды йодты спиртпен сүртесіз. Малдың түріне байланысты терінің көп орналасқан жері, мысалы: ірі қара малда және жылқыда – мойын аумағы, иық арты; шошқада-мойын аумағы, құлақ түбі, бөксенің ішкі беті; итте-мойын, бөксе.

**3 – ші тапсырма.** Бұлшықетке инъекция жүргізу. Иықтың үш басты бұлшықетінде, артқы аяқтың төрт басты бұлшықетіне және бөксеге енгізіңіздер. Шошқада құлақ артынды және тізе буынның жоғарысындағы бұлшықеттерге енгізіңіздер.

**4– ші тапсырма.** Венаға инъекция жүргізу. Ол үшін ірі қара малдың мойынының үштен бір бөлігіне енгізеді. Тамырдың жоғарғы жағынан жгутпен немесе саусақпен басып тұрып, инені бас аумағына бағыттап енгізеді. Шприцтің поршенін өзіне тартқанда қан шықса венаға дәл түскендігінің белгісі.

**5– ші тапсырма.** Құрсақ қуысына инені енгізу. Итке, шошқаға және мысыққа ақ сызықтың маңында, кіндіктен төмен инъекция жүргізіңіз. Ішкі мүшелерді зақымдап алмас үшін, инені қиғаш ұстап, мандренасын алып тастағаннан кейін тағыда 1-2 см ішке қарай енгізесіз.

**6-ші тапсырма.** Абсцессті гематомадан ажырату мақсатымен тесіп диагноз қойыңыз. Емдік мақсатпен антисептикалық ертінділермен жуып-шайыңыз.

**7-ші тапсырма.** Әр түлік малдың түріне байланысты қан ағызу жолдарын жүргізіңіздер. Мысалы: ірі қара малдың мойын аумағындағы күре тамырынан

### **Бақылау сұрақтары**

1. Инъекция дегеніміз не?
2. Инъекцияның енгізуіне байланысты түрлері
3. Инфузия дегеніміз не?
4. Пункция дегеніміз не?
5. Қан ағызу дегеніміз не?
6. Пункция қандай жағдайда жүргізіледі?

### **Қолдануға ұсынылатын әдебиеттер тізімі**

#### **Негізгі қолданылатын әдебиеттер:**

1. Ильясов Б.К. Алғашқы ветеринарлық жәрдем. Алматы, 2001 ж.
2. Муралинов К.К. Оперативтік хирургия. Алматы, 2006 ж.
3. Ильясов Б.К. Ветеринарлық хирургия, Алматы. 2008ж.
4. Дұрманов Қ.Д. Жалпы хирургия. 2006 ж.

#### **Қосымша қолданылатын әдебиеттер:**

1. Общая ветеринарная хирургия/ А.Д. Белов и др.; Под ред. А.Д. Белова.-2-е изд., М.: Колос, 1981
2. Магда И. И. и др. Оперативная хирургия с основами топографической анатомии домашних животных. М.: Колос, 1979;
3. Уша В.В., Фельдштейн М.А., Первичная ветеринарная помощь при незаразных болезнях животных. М.,1988
4. Шебиц Х. и др., Оперативная хирургия.// М., «Аквариум», 2001. – 511 с.
5. Санин А. и др., Справочник самостоятельная ветпомощь собаке.// Минск. «Хэлтон». 2001. -297 с.

## Зертханалық сабақ №4

### Тақырып: Тері және ішек тігістері

**Сабақтың мақсаты** –теріге, бұлшықетке, фасцияға, құрсаққа, ішекке үздіксіз және үзілмелі тігіс салудың техникасын меңгеру.

**Сабақты жүргізудің әдісі:** оқытушы студенттердің теориялық білімін тексеріп, топты 4-5 студенттен 2-3 топшаға бөледі. Оқытушы алдымен ішектерге және теріге барлық тігістердің түрлерін көрсетеді, сонан соң студенттер сол тігістерді жасап үйренеді.

**Сабақты жүргізетін орын:** Клиника, операциялық бөлме немесе аудиторияда.

**Құрал жабдықтар және материалдар:** тігіс салатын құралдар (скальпельдер, қайшылар, анатомиялық, хирургиялық және қан тоқтататын пинцеттер), тігіс салатын құралдар (инелер, ине ұстағыштар), тігін материалдары (жібек, лавсан, капрон, мақта-мата, кетгут),

**Тәжірибелік жануарлар:** Әр түрлі малдан алынған ішектер және терілер немесе өлекселер.

#### **Жұмыстың барысы:**

**1 – ші тапсырма.** Түйін салыңыздар. Оның ішінде қарапайым, теңіз және хирургиялық түйінді көрсетіңіздер.

**2 – ші тапсырма.** Жіпті инеге кигізіңіздер.

**3 – ші тапсырма.** Теріге үзілмелі тігіс салыңыздар. Оның ішінде ілмек тәрізді, жағдайлық (ситуациялық), құбыршақты тігіс.

**4– ші тапсырма.** Бұлшықетке үздіксіз тігіс салыңыздар. Оның ішінде скорняжды, матрацты, кисет тігісін.

**5– ші тапсырма.** Малдан алынған ішекке Пирогов-Черни, Ламбер, Шмиден, Плахотин –Садовский тігістерін салыңыздар.

**6-ші тапсырма.** Витцел және Тихонин тігістерін сіңірге және тамырға Сапожников тігісін салып көрсетіңіздер.

**7-ші тапсырма.** Тігінді дұрыс шешу әдісін көрсетіңіздер.

### Бақылау сұрақтары

1. Түйін салудың түрлері.
2. Үзілмелі тігістің түрлерін ата.
3. Үздіксіз тігістердің түрлерін ата
4. Сіңір тігістерін ата
5. Тамыр тігістерін ата

### Қолдануға ұсынылатын әдебиеттер тізімі

#### Негізгі қолданылатын әдебиеттер:

1. Ильясов Б.К. Алғашқы ветеринарлық жәрдем. Алматы, 2001 ж.

2. Муралинов К.К. Оперативтік хирургия. Алматы, 2006 ж.
3. Ильясов Б.К. Ветеринарлық хирургия, Алматы. 2008ж.
4. Дұрманов Қ.Д. Жалпы хирургия. 2006 ж.

**Қосымша қолданылатын әдебиеттер:**

1. Общая ветеринарная хирургия/ А.Д. Белов и др.; Под ред. А.Д. Белова.-2-е изд., М.: Колос, 1981
2. Магда И. И. и др. Оперативная хирургия с основами топографической анатомии домашних животных. М.: Колос, 1979;
3. Уша В.В., Фельдштейн М.А., Первичная ветеринарная помощь при незаразных болезнях животных. М.,1988
4. Шебиц Х. и др., Оперативная хирургия.// М., «Аквариум», 2001. – 511 с.
5. Санин А. и др., Справочник самостоятельная ветпомощь собаке.// Минск. «Хэлтон». 2001. -297 с.

## Зертханалық сабақ №5

**Тақырып:** Жалпы және жергілікті жансыздандыру.

**Сабақтың мақсаты** – беткейлік, инфильтрациялық, аумақтық және эпидуральдық жергілікті жансыздандырудың техникасын және қолданылатын препараттарды меңгеру, сонымен қатар жалпы жансыздандырудың сатыларын анықтау.

**Сабақты жүргізудің әдісі:** оқытушы студенттердің теориялық білімін тексеріп, топты 4-5 студенттен 2-3 топшаға бөледі. Оқытушы алдымен тәжірибелік жануарларға жергілікті және жалпы жансыздандырудың жасалу техникасын көрсетеді. Сонан соң студенттер өз бетімен жансыздандырудың жасалу техникасын үйренеді

**Сабақты жүргізетін орын:** Клиника немесе операциялық бөлме.

**Құрал жабдықтар және материалдар:** байлам материалдары (дәке, мақта), 5% -ды йод тұнбасы, 0,5%, 1%, 2%, 5% -ды новокаин, физиологиялық ертінді, стерильды су, 96<sup>0</sup> спирт, лидокаин, дикаин, тримекаин, 2%-ды рометар немесе кетамин, калипсол, ксилазин.

**Тәжірибелік жануарлар:** Ірі қара мал, қой, есек, қоян, теңіз шошқасы.

**Жұмыстың барысы:**

**1–ші тапсырма.** Тәжірибелік малға жалпы жансыздандырудың ингаляциялық емес жолмен есірткелік препараттарын қолданып сатыларының клиникалық белгілеріне сүйене отырып наркоздың төрт сатысын анықтаңыздар.

**2–ші тапсырма.** Тәжірибелік малдарға беткейлік жансыздандырудың жасалу техникасын көрсетіңіздер.

**3–ші тапсырма.** Тәжірибелік малдарға инфильтрациялық жансыздандырудың жасалу техникасын көрсетіңіздер.

**4–ші тапсырма.** Тәжірибелік малдарға аумақтық жансыздандырудың жасалу техникасын көрсетіңіздер.

**5–ші тапсырма.** Тәжірибелік малдарға эпидуральдік жансыздандырудың жасалу техникасын көрсетіңіздер.

### Бақылау сұрақтары

1. Жалпы жансыздандыру дегеніміз не?
2. Ингаляциялық наркоз дегеніміз не?
3. Ингаляциялық емес наркоз дегеніміз не?
4. Наркозға қолданылатын препараттар
5. Наркоздың сатыларын ата
6. Премедикация дегеніміз не?
7. Премедикация топтарын ата
8. Жергілікті жансыздандыру дегеніміз не?



9. Жергілікті жансыздандыруға қолданылатын препараттар

**Қолдануға ұсынылатын әдебиеттер тізімі**

**Негізгі қолданылатын әдебиеттер:**

1. Ильясов Б.К. Алғашқы ветеринарлық жәрдем. Алматы, 2001 ж.
2. Муралинов К.К. Оперативтік хирургия. Алматы, 2006 ж.
3. Ильясов Б.К. Ветеринарлық хирургия, Алматы. 2008ж.
4. Дұрманов Қ.Д. Жалпы хирургия. 2006 ж.

**Қосымша қолданылатын әдебиеттер:**

1. Общая ветеринарная хирургия/ А.Д. Белов и др.; Под ред. А.Д. Белова.-2-е изд., М.: Колос, 1981
2. Магда И. И. и др. Оперативная хирургия с основами топографической анатомии домашних животных. М.: Колос, 1979;
3. Уша В.В., Фельдштейн М.А., Первичная ветеринарная помощь при незаразных болезнях животных. М.,1988
4. Шебиц Х. и др., Оперативная хирургия.// М., «Аквариум», 2001. – 511 с.
5. Санин А. и др., Справочник самостоятельная ветпомощь собаке.// Минск. «Хэлтон». 2001. -297 с.

## Зертханалық сабақ №6

### Тақырып: Қан ағу және қан ағысты тоқтату

**Сабақтың мақсаты** – ауыл шаруашылық малының және зертханалық жануарлардың қан ағысының түрін анықтау, уақытша және түпкілікті қан тоқтатудың техникасын үйрену.

**Сабақты жүргізудің әдісі:** оқытушы студенттердің теориялық білімін тексеріп, топты 4-5 студенттен 2-3 топшаға бөледі.

**Сабақты жүргізетін орын:** Клиника немесе операциялық бөлмеде.

**Құрал жабдықтар және материалдар:** Салфетка, дәке, мақта, Эсмарх жгуты, әр түрлі шприцтер, қайшылар, резеңке жгут, Кохер қысқышы, скальпель, қайшы, Пеан қысқышы, хирургиялық және анатомиялық пинцеттер, тігін материалдары (кетгут, жібек, капрон), тампондар, малды бекемдейтін арқандар немесе станоктар, байлам материалдары (дәке, мақта), 5% -ды йод тұнбасы, 0,5% -ды новокаин, физиологиялық ертінді, сутегі асқын тотығы, адреналин, 10% -ды желатин, викасол, дицинон, 96<sup>0</sup> спирт.

**Тәжірибелік жануарлар:** Ірі қара мал, қой, есек, қоян, теңіз шошқасы және құс (тауық).

**Жұмыстың барысы:** Оқытушының жетекшілігімен студенттер тәжірибелік жануарларға жгут, байлам, қан тоқтататын құралдарды және препараттарды қолдану арқылы уақытша және толығымен қан тоқтатудың оның ішінде физикалық, химиялық, биологиялық және механикалық әдістерін үйренуге машықтанады, сонымен қатар қан тоқтатуға қолданылатын препараттарды меңгереді. Ол үшін студенттер тәжірибелік малдарға жергілікті жансыздандыру жүргізгеннен кейін, бөксе және көкірек аумағына ұзындығы 4-5 см, тереңдігі 1 см жасанды тілік жүргізеді.

**1- тапсырма.** Уақытша қан тоқтатыңыздар. Барлық студенттер эластикалық жгутты салу барысында байлау орнын, салу қысымын және ұзақтығын, сонымен қатар жыл мезгілінде ескере отырып, жануарлардың аяғына таңу әдістерін жаттығады.

**2- тапсырма.** Физикалық, химиялық, биологиялық және механикалық әдістерді пайдалан отырып толығымен қан тоқтатыңыздар.

### Бақылау сұрақтары

1. Қансырауды уақытша тоқтату әдістері
2. Қансырауды толығымен тоқтату әдістері
3. Қансырауды тоқтатудың механикалық әдістері
4. Қансырауды тоқтатудың физикалық әдістері
5. Қансырауды тоқтатудың химиялық әдістері
6. Қансыраудың түрлері

## Қолдануға ұсынылатын әдебиеттер тізімі

### Негізгі қолданылатын әдебиеттер:

1. Ильясов Б.К. Алғашқы ветеринарлық жәрдем. Алматы, 2001 ж.
2. Муралинов К.К. Оперативтік хирургия. Алматы, 2006 ж.
3. Ильясов Б.К. Ветеринарлық хирургия, Алматы. 2008ж.
4. Дұрманов Қ.Д. Жалпы хирургия. 2006 ж.

### Қосымша қолданылатын әдебиеттер:

1. Общая ветеринарная хирургия/ А.Д. Белов и др.; Под ред. А.Д. Белова.-2-е изд., М.: Колос, 1981
2. Магда И. И. и др. Оперативная хирургия с основами топографической анатомии домашних животных. М.: Колос, 1979;
3. Уша В.В., Фельдштейн М.А., Первичная ветеринарная помощь при незаразных болезнях животных. М.,1988
4. Шебиц Х. и др., Оперативная хирургия.// М., «Аквариум», 2001. – 511 с.
5. Санин А. и др., Справочник самостоятельная ветпомощь собаке.// Минск. «Хэлтон». 2001. -297 с.

## Зертханалық сабақ №7

**Тақырып:** Дәкелік, иммобилизациялық және арнайы таңғыштар

**Сабақтың мақсаты** – ауыл шаруашылық малдарына және зертханалық жануарлардың әр түрлі мүшелеріне сегіз, спираль тәрізді, циркулярлы, өрмелегіш яғни дәкелік, арнайы мүшелерге арналған (мүйіз, желін, құйрық, тұяқ) және иммобильдік байламдардың (гипс, шина, каркас салу техникасын және) салу техникасын үйрену.

**Сабақты жүргізудің әдісі:** оқытушы студенттердің теориялық білімін тексеріп, топты 4-5 студенттен 2-3 топшаға бөледі. Оқытушы алдымен аталған байламдардың түрлерін бір рет көрсетеді, сонан соң студенттер қолдарын жаттықтыру мақсатында бірнеше рет өздері қайталайды.

**Сабақты жүргізетін орын:** Клиника немесе операциялық бөлмеде.

**Құрал жабдықтар және материалдар:** Көлемі әр түрлі бинттер, сұр мақта, гигроскопиялық мақта, марля, тік қайшылар, гипс, шинаға арналған материалдар (картон, ағаш және т.б.).

**Тәжірибелік жануарлар:** Ірі қара мал, жылқы, қой, есек, ит.

**Жұмыстың барысы:**

**1 – ші тапсырма.** Тәжірибелік малға немесе муляждарға дәкелік байламдардың (циркуляциялық, спираль, сегіз тәрізді, өрмелегіш, бүгіп орау) жасалу техникасын көрсетіңіздер.

**2 – ші тапсырма.** Тәжірибелік малға немесе муляждарға гипсті (саңылаусыз, терезелі, көпір тәрізді) байламдардың жасалу техникасын көрсетіңіздер. Сонымен қатар гипсті қайшылардың немесе арнайы аралардың көмегімен салған гипстеріңізді алып тастаңыздар .

**3 – ші тапсырма.** Тәжірибелік малға немесе муляждарға шиналы (қолда бар материалдардың көмегімен) және каркасты байламдардың жасалу техникасын көрсетіңіздер.

**4 – ші тапсырма.** Арнайы мүшелерге (мүйіз, желін, құйрық, тұяқ) арналған дәкелік байламдардың жасалу техникасын көрсетіңіздер.

### Бақылау сұрақтары

1. Десмургия дегеніміз не?
2. Байлам материалдарының түрлерін ата.
3. Байламдардың жіктелуі?
4. Иммобильдік байламдар дегеніміз не?
5. Дәкелік байламдардың түрлері.
6. Шиналық байлам ретінде қандай материалдар қолданылады?
7. Гипсті байлам қандай жағдайда жасалады?

## Қолдануға ұсынылатын әдебиеттер тізімі

### Негізгі қолданылатын әдебиеттер:

1. Ильясов Б.К. Алғашқы ветеринарлық жәрдем. Алматы, 2001 ж.
2. Муралинов К.К. Оперативтік хирургия. Алматы, 2006 ж.
3. Ильясов Б.К. Ветеринарлық хирургия, Алматы. 2008ж.
4. Дұрманов Қ.Д. Жалпы хирургия. 2006 ж.

### Қосымша қолданылатын әдебиеттер:

1. Общая ветеринарная хирургия/ А.Д. Белов и др.; Под ред. А.Д. Белова. -2-е изд., М.: Колос, 1981
2. Магда И. И. и др. Оперативная хирургия с основами топографической анатомии домашних животных. М.: Колос, 1979;
3. Уша В.В., Фельдштейн М.А., Первичная ветеринарная помощь при незаразных болезнях животных. М.,1988
4. Шебиц Х. и др., Оперативная хирургия.// М., «Аквариум», 2001. – 511 с.
5. Санин А. и др., Справочник самостоятельная ветпомощь собаке.// Минск. «Хэлтон». 2001. -297 с.

## Зертханалық сабақ №8

**Тақырып:** Дәрілерді енгізу жолдары және әдістері

**Сабақтың мақсаты** – ауыл шаруашылық малдарына және зертханалық жануарларға әр түрлі формалы дәрілердің дозасына қарай енгізу жолдарын үйрену.

**Сабақты жүргізудің әдісі:** оқытушы студенттердің теориялық білімін тексеріп, топты 4-5 студенттен 2-3 топшаға бөледі. Оқытушы алдымен қауіпсіздікті сақтай отырып малға дәрілік препараттарды енгізудің барлық жолдарын көрсетеді, сонан соң студенттер қолдарын жаттықтыру мақсатында өздері қайталайды.

**Сабақты жүргізетін орын:** Клиника немесе операциялық бөлмеде.

**Құрал жабдықтар және материалдар:** дәрілік препараттар (таблетка, капсула, суспензия, сұйық), пинцет, ижелер, шприц, мақта, бинт, малды бекемдейтін арнайы станоктар немесе арқандар, бұрандалар, 5% -ды йод тұнбасы, физиологиялық ертінді, 96<sup>0</sup> спирт.

**Тәжірибелік жануарлар:** Ірі қара мал, жылқы, қой, есек, ит, зертханалық жануарлар.

**Жұмыстың барысы:**

**1 – ші тапсырма.** Тәжірибелік малдарға дәрілік заттарды пероральді жолмен енгізіңіздер:

1. Таблетканы азықпен бірге араластырып немесе майға малып пинцет арқылы тілдің негізіне немесе түбіне қойып беріңіздер. Артынан су берулеріңіз қажет. Өйткені олар өңешке жабысып сол жердің кілегейлі қабығын тітіркендіреді.

2. Сұйық препараттарды шприцтің немесе қасықтың көмегімен енгізіңіздер.

**2 – ші тапсырма.** Тәжірибелік малдарға дәрілік заттарды парентеральді жолмен енгізіңіздер:

1. Дәрілік затты тері астына, бұлшықетке жануардың көлеміне байланысты бір инъекция жасағанда 2-5 мл енгізіңіздер.
2. Сұйық дәрілік препаратты аз немесе көп мөлшерде венаға енгізіңіздер.
3. Сұйық дәрілік препаратты көп мөлшерде құрсаққа енгізіңіздер.

### Бақылау сұрақтары

1. Дәрілерді енгізу жолдары және мөлшері.
2. Дәрілердің мөлшері туралы түсінік
3. Дәрілерді сақтау тәртібі.
4. Дәрілерді қолдану тәсілдерін ата

## **Қолдануға ұсынылатын әдебиеттер тізімі**

### **Негізгі қолданылатын әдебиеттер:**

1. Ильясов Б.К. Алғашқы ветеринарлық жәрдем. Алматы, 2001 ж.
2. Муралинов К.К. Оперативтік хирургия. Алматы, 2006 ж.
3. Ильясов Б.К. Ветеринарлық хирургия, Алматы. 2008ж.
4. Дұрманов Қ.Д. Жалпы хирургия. 2006 ж.

### **Қосымша қолданылатын әдебиеттер:**

1. Общая ветеринарная хирургия/ А.Д. Белов и др.; Под ред. А.Д. Белова.-2-е изд., М.: Колос, 1981
2. Магда И. И. и др. Оперативная хирургия с основами топографической анатомии домашних животных. М.: Колос, 1979;
3. Уша В.В., Фельдштейн М.А., Первичная ветеринарная помощь при незаразных болезнях животных. М.,1988
4. Шебиц Х. и др., Оперативная хирургия.// М., «Аквариум», 2001. – 511 с.
5. Санин А. и др., Справочник самостоятельная ветпомощь собаке.// Минск. «Хэлтон». 2001. -297 с.

## Зертханалық сабақ №9

**Тақырып:** Жарақаттарда және жараларда көрсетілетін АВК

**Сабақтың мақсаты** – Студенттерге әр түрлі жарақаттардың және жаралардың ерекшеліктерін көрсетіп, оларды зерттеу әдістерін, жараланған малға алғашқы көмек көрсету әдістерін үйрету.

**Сабақты жүргізудің әдісі:** оқытушы студенттердің теориялық білімін тексеріп, топты 4-5 студенттен 2-3 топшаға бөледі. Әр бір топқа өздігінен жасайтын жұмыс береді.

**Сабақты жүргізетін орын:** Клиника немесе операциялық бөлмеде.

**Құрал жабдықтар және материалдар:** Әр түрлі жаралары бар суреттер, қисық қайшылар, ұстара, хирургиялық пинцеттер, Кохер қысқышы, скальпельдер, жараға арналған ілмектер, ине ұстағыштар, дәке, тампондар, антисептикалық ертінділер, майлар, антибиотиктер, 0,5% новокаин, 1%ды хлорамин ертіндісі, 0,5 %ды мүсәтір спирті, 5% йод тұнбасы.

**Тәжірибелік жануарлар:** Ірі қара мал, жылқы, ит, тігіс салудың схемасы.

**Жұмыстың барысы:** Топшадағы студенттер тәжірибелік жарақатқа және жараға клиникалық зерттеу жүргізеді.

**1 – ші тапсырма.** Жаралардың түрлерін анықтап, олардың зерттеу әдістерін игеріңіздер.

**Жасанды жара жасау.** Бірнеше зертханалық жануарлардың бөксе аумақтарында әр түрлі мерзімді (1-2 сағат бұрын, 1; 5; 7 күн бұрын), түрлі жолдармен (скальпельмен, қайшымен) жасанды жара жасап, жараның үш фазасын көрсету қажет. Осы жаралардың клиникалық белгілерін зерттеп, салыстырмалы баға бере отырып, сәкесінше ем жүргізіңіздер.

**Бірінші топша** жараны көзбен көріп зерттеңіз яғни ұлпаның жағдайына, пішініне, көлеміне, ыластануына, қан ағыстың және үңірею деңгейіне, жара шеттеріне көңіл бөліңіздер. Жараның маңындағы ұлпалардың ауырсыну және сезімталдық деңгейін, экссудатты зерттеңіз.

**2 – ші тапсырма.** Малдың жарасын механикалық әдіспен емдеуді игеріңіздер.

**Екінші топша** аяқ астынан пайда болған жараға күрделі ем көрсетеді. Студенттердің негізгі мақсаты ластамауға әрекет жасау. 5% иодтың спирт ертіндісін қайнаған сумен екі есе ерітіп соған суланған тампонды жараның қуысына салу керек немесе бұның орнына антисептикалық ұнтақтар /стерптоцид, трициллин, йодофом/ қолданып жағдай келсе таңып тастау керек. Егер жара таза, пайда болғанына 6 сағаттан аспаса, жараның айналасын өңдеп, қуысын тазартып антисептикалық ұнтақтар қолданып жараның шеттерін бір-біріне беттестіріп тігіңіздер. Басқа жағдайда жараны емдегенде, оның кезеңдеріне қарай ем қолданыңыздар.



**3–ші тапсырма.** Жарақаттың сыртқы ортаның әсер етуіне байланысты *механикалық, химиялық, биологиялық, психикалық және аралас* түрлерін, кілегейлі қабықтардың және терінің бүтіндігінің бұзылуына және бұзылмауына байланысты ашық және жабық жарақаттардың себебін анықтаңыздар. Олардың зерттеу, балау, емдеу әдістерін меңгеріңіздер.

### **Бақылау сұрақтары**

1. Жарақат дегеніміз не?
2. Жара дегеніміз не?
3. Жарақаттың жіктелуін атаңыз.
4. Жаралардың жіктелуін атаңыз.
5. Жараны сырттай зерттеу әдістері қандай?
6. Жарақатқа балау қалай жүргізіледі?
7. Жараның ішін зерттегенде нені анықтаймыз?
8. Жараны механикалық өңдеу дегеніміз не?
9. Хирургиялық өңдеудің әдістерін атаңыз?

### **Қолдануға ұсынылатын әдебиеттер тізімі**

#### **Негізгі қолданылатын әдебиеттер:**

1. Ильясов Б.К. Алғашқы ветеринарлық жәрдем. Алматы, 2001 ж.
2. Муралинов К.К. Оперативтік хирургия. Алматы, 2006 ж.
3. Ильясов Б.К. Ветеринарлық хирургия, Алматы. 2008ж.
4. Дұрманов Қ.Д. Жалпы хирургия. 2006 ж.

#### **Қосымша қолданылатын әдебиеттер:**

1. Общая ветеринарная хирургия/ А.Д. Белов и др.; Под ред. А.Д. Белова.-2-е изд., М.: Колос, 1981
2. Магда И. И. и др. Оперативная хирургия с основами топографической анатомии домашних животных. М.: Колос, 1979;
3. Уша В.В., Фельдштейн М.А., Первичная ветеринарная помощь при незаразных болезнях животных. М.,1988
4. Шебиц Х. и др., Оперативная хирургия.// М., «Аквариум», 2001. – 511 с.
5. Санин А. и др., Справочник самостоятельная ветпомощь собаке.// Минск. «Хэлтон». 2001. -297 с.

## Зертханалық сабақ №10

**Тақырып:** Шығуларды және сынықтарда көрсетілетін АВК

**Сабақтың мақсаты** – Студенттерге буын шығуының және сүйек сынуының белгілерімен таныстыру, диагноз қою, емдеу әдістерін үйрету.

**Сабақты жүргізудің әдісі:** оқытушы студенттердің теориялық білімін тексеріп, топты 4-5 студенттен 2-3 топшаға бөледі. Студенттер сынықтың және шығулардың клиникалық белгілерін, зерттеу (қарау, пальпация, аускультация, рентгенография), сыныққа байлам, шина, гипс салу әдістерін меңгереді.

**Сабақты жүргізетін орын:** Клиника немесе операциялық бөлмеде.

**Құрал жабдықтар және материалдар:** Рентгенограммалар, портативті рентген аппараты РУ-760, бикске салынған стерильді дәке және мақта, штифтер, шиналар, гипс, картон скальпельдер, қисық қайшылар, ұстара, хирургиялық пинцеттер, Кохер қысқышы, ине ұстағыштар, балға бұрғыш, , жіптер (жібек, лавсан, кетгут), жалпы жансыздандыруға қолданылатын препараттар (рометар, кетамин, калипсол), тампондар, ашық жараларды өңдеуге арналған ертінділер (майлар, антибиотиктер, стрептоцид, фурацилин, 0,5% новокаин, 1%ды хлорамин ертіндісі, 0,5 %ды мүсәтір спирті, 5% йод тұнбасы).

**Тәжірибелік жануарлар:** Тақырыпқа сай ауру малдар (ірі қара мал, жылқы, ит, мысық).

**Жұмыстың барысы:**

**1 – ші тапсырма.** Буынды шыққанын анықтау және алғашқы ветеринарлық көмек көрсету.

Алдымен рентгенограмманы зерттеп, шыққан орнын, қаншалықты күрделі екенін анықтаңдар. Сонан соң малдың шыққан жерін, белгілерін зерттеңдер, олар – ісіну, ауырсыну, малды жүргізгенде ақсау. Буынның шыққан орынын анықтап алғаннан кейін алғашқы көмек көрсетіндер, ол үшін қолда бар материалдармен шина жасап буынға қозғалысыз жағдай жасаңыздар, сонан соң оқытушының көмегімен буынды орнына келтіріп, гипс салыңыздар.

**2 – ші тапсырма.** Сүйек сынығын анықтау және алғашқы ветеринарлық көмек көрсету.

Алдымен рентгенограмманы зерттеп, сынықтың түрін, қаншалықты күрделі екенін анықтаңдар. Сонан соң малдың сынған жерін, белгілерін зерттеңдер, олар – ісіну, ауырсыну, толық сынықтарда буынсыз жерде қозғалу, шықырлау, малды жүргізгенде ақсау.

Сыныққа алғашқы көмек көрсетіндер, ол үшін қолда бар материалдармен шина жасап сынықты қозғалысыз жағдай жасаңыздар, сонан соң консервативтік және оперативтік әдістермен емдеңіздер.

## **Бақылау сұрақтары**

1. Сынықтың клиникалық белгілерін атап бер.
2. Сынық кезінде алғашқы көмек көрсету қалай жүргізіледі.
3. Сыныққа диагнозды қалай қояды.
4. Сынықтың консервативтік және оперативтік еміне сипаттама бер.
5. Буын шыққанда клиникалық белгілерін атап бер.
6. Буын шыққанда алғашқы көмек қалай көрсетеді.

## **Қолдануға ұсынылатын әдебиеттер тізімі**

### **Негізгі қолданылатын әдебиеттер:**

1. Ильясов Б.К. Алғашқы ветеринарлық жәрдем. Алматы, 2001 ж.
2. Муралинов К.К. Оперативтік хирургия. Алматы, 2006 ж.
3. Ильясов Б.К. Ветеринарлық хирургия, Алматы. 2008ж.
4. Дұрманов Қ.Д. Жалпы хирургия. 2006 ж.

### **Қосымша қолданылатын әдебиеттер:**

1. Общая ветеринарная хирургия/ А.Д. Белов и др.; Под ред. А.Д. Белова. -2-е изд., М.: Колос, 1981
2. Магда И. И. и др. Оперативная хирургия с основами топографической анатомии домашних животных. М.: Колос, 1979;
3. Уша В.В., Фельдштейн М.А., Первичная ветеринарная помощь при незаразных болезнях животных. М.,1988
4. Шебиц Х. и др., Оперативная хирургия.// М., «Аквариум», 2001. – 511 с.
5. Санин А. и др., Справочник самостоятельная ветпомощь собаке.// Минск. «Хэлтон». 2001. -297 с.

## Тәжірибелік сабақ №1

**Тақырып:** Байлам материалдарын және құрал жабдықтарды дайындау

**Сабақтың мақсаты** – жарақатты, жараны қорғау және қоршаған орта әсерінен сақтау мақсатында жүргізілетін әрекеттерді яғни таңғыштар мен байламдарды және құрал жабдықтарды дайындауды үйрену.

**Сабақты жүргізудің әдісі:** оқытушы студенттердің теориялық білімін тексеріп, топты 4-5 студенттен 2-3 топшаға бөледі. Студенттер салфетканы, тампон, мақта тампонын, алғашқы көмекке арналған, ауа өткізбейтін, құрғақ және ылғалды сорғыш, қыздырғыш байламды жасаудың әдістерін меңгеру.

**Сабақты жүргізетін орын:** Стерильді бөлме немесе операциялық бөлмеде.

**Құрал жабдықтар және материалдар:** Дәке - 10 м., гигроскопиялық мақта – 1 кг, әр түрлі бинттер -5 шт., халаттар, қалпақтар, маскілер, сүлгі, қайшылар, пинцеттер, бикс, шкафтар, клеенка, целлофан, майлы эмульсия, 5-10%-ды натрий хлориді, 20 %-ды магний немесе натрий сульфаты, 40-50 %-ды спиртке.

**Жұмыстың барысы:** Оқытушының жетекшілігімен студенттер таңғыштардың және байламдардың жасау әдістерін меңгереді.

**1 – ші тапсырма.** Дәкеден компресс, салфетка, косынка, лонгет, дәкелі, мақталы шариктер, турундалар, тампон мақта-дәкелі тампон дайындаңыздар.

**2 – ші тапсырма.** Құралдарды операцияға дайындаңыздар.

**3 – ші тапсырма.** Байламдардың салу орнына байланысты түрлерін дайындаңыздар.

**Байламдардың салу техникасы:**

- ❖ Алғашқы көмекке арналған байлам –жараға дәкелі салфетка қойып дәкелі байламмен бекітеді.
- ❖ Өткізбейтін байлам (окклюзионды) – көкірек немесе құрсақ қуысында өткізгіш жарақат алғанда қолданылады.

1-ші қабаты – майлы эмульсияға малынған дәкелі салфетка

2-ші қабаты – гигроскопиялық мақта

3-ші қабаты – ауа өткізбейтін клеенка немесе целлофан

- ❖ Құрғақ сорғыш байлам – жара ішіндегі экссудатты сорып алуға арналған байлам. 3 қабаттан тұрады.

1-ші сорғыш қабаты – дәкелі тампон

2-ші қабаты – гигроскопиялық мақта

3-ші буландыратын қабат – сирек торлы дәкеден тұрады.

- ❖ Ылғалды сорғыш байлам

1-ші қабаты – гипертоникалық ертінділерге (5-10%-ды натрий хлориді, 20 %-ды магний немесе натрий сульфаты) малынған дәкелі дренаж

2-ші қабаты – гигроскопиялық мақта

3-ші буландыратын қабат – сирек торлы дәкеден тұрады.

❖ Қыздырғыш байлам – белгілі бір аймақтың жергілікті температурасын көтеруге арналған.

1-ші қабаты – 40-50 %-ды спиртке немесе жылы суға малынған бірнеше қабатты дәкеден тұрады.

2-ші қабаты – ауа және су өткізбейтін қабаттан тұрады. Олар: клеенка, пергамент қағазы, целлофан.

3-ші қабат – жылуды ұстап тұратын қабат. Ол дәке немесе басқа да материал болуы мүмкін. Жылытқыш байлам әр 4-6 сағат сайын аустырылады.

### **Бақылау сұрақтары**

1. Салфетка, косынка, лонгет, дәкелі, мақталы шариктер тампонды қалай дайындайды?
2. Турундалар, тампон мақта-дәкелі тампонды қалай дайындайды?
3. Алғашқы көмекке арналған байламды қалай жүргізеді?
4. Ауа өткізбейтін таңғыштың қабаттарын ата?
5. Құрғақ және ылғалды сорғыш таңғыштың қабаттарын ата?
6. Қыздырғыш байламды жасаудың таңғыштың қабаттарын ата?

### **Қолдануға ұсынылатын әдебиеттер тізімі**

#### **Негізгі қолданылатын әдебиеттер:**

1. Ильясов Б.К. Алғашқы ветеринарлық жәрдем. Алматы, 2001 ж.
2. Муралинов К.К. Оперативтік хирургия. Алматы, 2006 ж.
3. Ильясов Б.К. Ветеринарлық хирургия, Алматы. 2008ж.
4. Дұрманов Қ.Д. Жалпы хирургия. 2006 ж.

#### **Қосымша қолданылатын әдебиеттер:**

1. Магда И. И. и др. Оперативная хирургия с основами топографической анатомии домашних животных. М.: Колос, 1979;
2. Уша В.В., Фельдштейн М.А., Первичная ветеринарная помощь при незаразных болезнях животных. М., 1988
3. Шебиц Х. и др., Оперативная хирургия.// М., «Аквариум», 2001. – 511 с.

## Тәжірибелік сабақ №2

**Тақырып:** Оташы қолын және операциялық орынды дайындау

**Сабақтың мақсаты** – Студент операцияға оташының қолын және операция алаңын дайындау сатыларының тәртібін үйрену қажет.

**Сабақты жүргізудің әдісі:** оқытушы студенттердің теориялық білімін тексеріп, топты 4-5 студенттен 2-3 топшаға бөледі. Оқытушының жетекшілігімен әр бір топшадағы студенттер өздігінен төменде көрсетілген әдістерді қолдана отырып, қолдарын дайындайды, перчатканы киеді, тәжірибелік жануарлардың жүнін қырады, операциялық алаңды дайындайды.

**Сабақты жүргізетін орын:** Клиника немесе операциялық бөлме.

**Құрал жабдықтар және материалдар:** Купер қайшысы, стерильді щеткалар, сабын, ыстық су, қол жуатын таз, бритва, дәке, гигроскопиялық мақта, сүлгі, перчаткалар, тальк, 70-96<sup>0</sup>-ты спирт, 5 йодты спирт ертіндісі, 0,5 % -ды мүсәтір спирті, сулема ертіндісі (1:1000), карбол қышқылы, формалин, әр түрлі бинттер -5 шт., халаттар, қалпақтар, маскілер, сүлгі, қайшылар, пинцеттер, бикс, шкафтар, клеенка, целлофан, майлы эмульсия, натрий хлориді, 20 %-ды магний немесе натрий сульфаты,.

**Тәжірибелік жануарлар:** Ірі қара мал, жылқы, ит, мысық, зертханалық жануарлар.

**Жұмыстың барысы:**

**1-тапсырма.** Қолды операцияға дайындаңыздар. Төменде көрсетілген бірнеше әдістердің біреуін пайдалана отырып, тәртіпті сақтаңыздар.

Қолдарды операцияға дайындау 3 деңгейден тұрады:

1. механикалық тазалау
2. химиялық дезинфекция және майсыздандыру
3. теріні нығыздау

Ең көп таралған әдістер:

**Альфельд әдісі** - 3 мин қолын ыстық сумен сабынмен жуады, сосын 96<sup>0</sup> -ты спирт қолданылады. Саусақ ұшын 5% -ды йодты спиртпен өңдейді.

**Спасокукоцкого-Кочергина әдісі** - механикалық тазалау үшін және майсыздандыру үшін 0,5% -ды мүсәтір спиртіні қолданылады. Екі тазда 2,5 минуттан алма кезек жуады. Дезинфекциялау үшін және қолды нығыздау үшін спиртке малынған дәкемен 3-5 мин, саусақтарды, тырнақты және тырнақ астын 5% -ды йодты спиртпен сүртеді.

**Напалков әдісі** - алдындағы әдістер бойынша өңдейді, механикалық тазалау және майсыздандыру үшін күйдіргіш калий (1:2000) қолданылады. Тырнақты және тырнақ астын 5% -ды йодты спиртпен сүртеді.

**Кияшов әдісі** - қолды механикалық тазалау және майсыздандыру үшін 5% -ды мүсәтір спиртпен сүртеді, 5 минут қолын екі тазда шаяды, сосын 30 мин 3% -ды цинк сульфатымен өңдейді. Тырнақты және тырнақ астын 5% -ды йодты спиртпен сүртеді.

**Оливков әдісі** - қолды жуып, механикалық тазалайды, ол үшін 1:3000 немесе 1:1000 йодты спирт қолданылады.

**Перчатка қолдану** - перчатканы киер алдында, қолды қосымша спиртпен, йодты спиртпен немесе хлораминмен сүртеді. Операция барысында перчатка былғанса, перчатканы шешпей жатып дезинфекциялау керек. Операциядан кейін былғанған перчатканы 2% -ды лизол ертіндісімен өңдейді.

**2-тапсырма.** Операциялық орынды дайындаңыздар. Төменде көрсетілген тәртіп бойынша:

Операциялық орынды дайындау 3 сатыдан тұрады:

1. механикалық тазалау (жүнін қиып, сабындап қырады, сосын жақсылап құрғатады)
2. операциялық орынды дезинфекциялау және майсыздандыру (құрамында йоды бар органикалық заттар, 70% спирт, хлоргексидин, йодты спирт)
3. теріні нығыздау (5%-ды йод тұнбасымен).
4. қоршаған ортадан оқшаулау (стерильді матамен)

Міндетті түрде сақталатын заңдылықтар:

- кең көлемде өңдеу;
- кезектілік, „ортасынан – шетіне қарай“ өңделеді ;
- ластанған аймақтар соңынан және „шетінен-ортасына қарай“ өңделеді;

### **Бақылау сұрақтары**

1. Операция алаңын дайындау сатысы
2. Оташының қолын дайындау сатысы
3. Оливков әдісі
4. Перчатканы дұрыс пайдалану
5. Операция орындау барысында сақталатын заңдылықтар
6. Напалков әдісі
7. Кияшов әдісі
8. Альфельд әдісі
9. Спасокукоцкого-Кочергина әдісі

### **Қолдануға ұсынылатын әдебиеттер тізімі**

**Негізгі қолданылатын әдебиеттер:**

1. Ильясов Б.К. Алғашқы ветеринарлық жәрдем. Алматы, 2001 ж.
2. Муралинов К.К. Оперативтік хирургия. Алматы, 2006 ж.
3. Дұрманов Қ.Д. Жалпы хирургия. 2006 ж.

**Қосымша қолданылатын әдебиеттер:**

1. Магда И. И. и др. Оперативная хирургия с основами топографической анатомии домашних животных. М.: Колос, 1979;
2. Уша В.В., Фельдштейн М.А., Первичная ветеринарная помощь при незаразных болезнях животных. М., 1988

## Тәжірибелік сабақ №3

**Тақырып:** Дәрілер туралы түсінік, дәрілерді сақтау ережелері

**Сабақтың мақсаты** – Студенттер дәрілік препараттарды сақтау тәртібін үйрену және қолдана білу керек.

**Сабақты жүргізудің әдісі:** оқытушы студенттердің теориялық білімін тексеріп, топты 4-5 студенттен 2-3 топшаға бөледі.

**Сабақты жүргізетін орын:** Клиника, операциялық бөлме немесе аптека.

**Құрал жабдықтар және материалдар:** Әр түрлі формалы дәрілер (таблетка, капсула, сұйық дәрілік зат, суспензия), күшті, улы және өте улы препараттар. Құралдар және жабдықтар: тоңазытқыш, шкафтар (ағаш, шыны, темір), термостат, сейфтер. Емдеу –профилактикалық заттар: спирт-ректификат, спирт-шикізат, байлап –тану құралдары, зарарсыздандырғыш заттар.

**Жұмыстың барысы:**

**1-тапсырма.** «А» тізімі бойынша дәрілік заттарды тәртіп бойынша сақтаңыздар.

Бұл заттар «А» тізімі бойынша темір шкафтарда немесе темір жәшіктерде құпталып сақталады. Бұл дәрілік заттар сақталатын шкаф немесе сейфтің сыртында «Venena» немесе «Улы» деген жазуы болуы керек. Улы дәрілік заттарды өлшеуге, араластыруға арналған құралдар сол заттармен бірге сақталынады. Улы дәрілік заттар құйылған шөлмектердің сыртындағы жазуы кара фонда ақ түсті әріптермен жазылады. Шкафтардың ішкі қабырғасына сақталуы тұрған улы дәрілік заттардың тізімі мен қанша қалғаны жазылу қажет.

**2-тапсырма.** «Б» тізімі бойынша дәрілік заттар тәртіп бойынша сақтаңыздар.

Күшті әсер ететін заттар басқа дәрілік заттардан бөлек сақталынады. Олар сақталынатын шкафтар мен жәшіктердің сыртқы қабырғасына «Herclea» немесе «Күшті әсер ететін дәрілер» деген жазу жазылады. Күшті әсер еткіш заттар құйылған шөлмектің сыртындағы жазылатын жазу ақ фонда қызыл түсті әріптермен жазылады. Шкафтар мен сейфтердің кілті мал дәрігерінде немесе дәріханаға жауапты веттехниктің қолында болады. Улы және қатты әсер ететін дәрілік заттардан басқа дәрілер (жай әсер ететін) кәдімгі жалпы ережелер бойынша сақталады. Шөлмек сыртындағы жазу ақ фонда, кара түсті әріптермен жазылады.

**3-тапсырма.** Дәрілік заттардың әр түрлі формасына (таблетка, капсула, сұйық, майлы дәрілік зат, суспензия, ұнтақ) байланысты енгізу жолдарын көрсетіңіздер.

### Бақылау сұрақтары

1. «А» тізімі бойынша қандай дәрілік заттар және қалай сақталады?



2. «Б» тізімі бойынша қандай дәрілік заттар және қалай сақталады?
3. Дәрілік заттардың қандай формаларын білесіздер және енгізу жолдары?

### **Қолдануға ұсынылатын әдебиеттер тізімі**

#### **Негізгі қолданылатын әдебиеттер:**

1. Ильясов Б.К. Алғашқы ветеринарлық жәрдем. Алматы, 2001 ж.
2. Муралинов К.К. Оперативтік хирургия. Алматы, 2006 ж.
3. Дұрманов Қ.Д. Жалпы хирургия. 2006 ж.

#### **Қосымша қолданылатын әдебиеттер:**

1. Ветеринарная фармация: Под ред. В.Д. Соколова. -496с.; М.: Колос, 2003
2. Уша В.В., Фельдштейн М.А., Первичная ветеринарная помощь при незаразных болезнях животных. М., 1988
3. Санин А. и др., Справочник самостоятельная ветпомощь собаке. // Минск. «Хэлтон». 2001. -297 с.

## Тәжірибелік сабақ №4

### Тақырып: Реаниматология негіздері

**Сабақтың мақсаты** – малдың клиникалық өлімімен жүрек және тыныс тоқтағанда алғашқы ветеринарлық көмек көрсетуді үйрену.

**Сабақты жүргізудің әдісі:** оқытушы студенттердің теориялық білімін тексеріп, топты 4-5 студенттен 2-3 топшаға бөледі. Оқытушының жетекшілігімен әр бір топшадағы студенттер өздігінен зертханалық жануарларда және муляждарда реанимация шараларын, соның ішінде жүрек жұмысын және тыныс алуын қалпына келтіруді жүргізеді.

**Сабақты жүргізетін орын:** Клиника немесе операциялық бөлме.

**Құрал жабдықтар және материалдар:** 0,1% адреналин ертіндісі -1 мл, 0,9% натрий хлоридінің 10 мл ертіндісіне қосылған, 0,1% атропин ертіндісі -23-мл, 10% кальций хлоридінің ертіндісі -10 мл, 2% натрий гидрокарбонатының ертіндісі -20 мл, 25% магний сульфатының ертіндісі -5-8 мл, гигроскопиялық мақта, 70-96<sup>0</sup>-ты спирт, 5% йодты спирт ертіндісі, глюкоза, гемодез, натрий хлориді, әр түрлі мөлшердегі шприцтер.

**Тәжірибелік жануарлар:** Ірі қара мал, ит, зертханалық жануарлар.

**Жұмыстың барысы:**

**1-тапсырма.** Тыныс жолдарының өткізгіштігін қалпына келтіріңіздер;

Тыныс жолдарының өткізгіштігінің пайда болу себебі, шырыштың, қанның қақырықтың, құсықтың, бөгде денелердің бітеп қалуы және тілдің артқа қарай ығысуы болып табылады. Өткізгіштігін қалпына келтіру үшін, басты бір жағына бұрып, ауыз қуысын тазалаңыздар.

**2-тапсырма.** Барлық тәртіпті сақтай отырып жасанды тыныс алдырыңыздар;

Өкпені жасанды демалдырудың (ӨЖД) тәсілдері: «ауыздан ауызға», «ауыздан мұрынға», «ауыздан ауызға және мұрынға».

«Ауыздан ауызға»: аузын кең етіп ашып, ауру малдың ауызына ауа жіберіңіздер. Тыныстың жиілігі минутына 12-18 рет болуы керек. Алған тыныстың жеткілікті болғанын кеуденің көтерілуі мен төмен түсуінен, сонымен қатар малдың шығарған тыныс дыбысынан байқауға болады.

Астыңғы жақтың жарақатында немесе жақтарының сіресіп қалуы кезінде, ӨЖД-ды «ауыздан мұрынға» әдісімен жүргізу керек. Бір қолмен астыңғы жағынан ұстай отырып, аузын жабады. Мұрнынан ауа жібереді. Ауа жібергеннен кейін, аузын ашады, өйткені әдетте мұрын арқылы демнің шығарылуы қиындатылған болады.

Жаңа туылған төлдерде ӨЖД «ауыздан ауызға және мұрынға» тәсілімен жүргізіледі. Ол үшін төлдің басын артқа қарай шалқайтып, реаниматор мұрны мен аузына минутына 25-30 рет жиілікпен ауа жібереді, тыныстың сийымдылығы 30 мл болуы керек.

Өкпені жасанды демалдыру барысында инфекция жұқтырмау үшін, дәке, беторамал қолданыңыздар.

Реанимациялық шаралар бір немесе екі студент (реаниматор) жүргізеді. Егер реаниматор біреу ғана болса, онда әрбір 2 рет жасалған «тынысқа» кеудені 15 рет басу керек. Егер реаниматорлар екеу болса, онда біреуі жасанды тыныс алдырады, ал екіншісі жүрек массажын жүргізеді. ӨЖД мен жүрек массажының тиімді арақатынасы 1:5, яғни кеудені 5 рет басқанда 1 рет ауа үрлеу керек.

**3-тапсырма.** Барлық тәртіпті сақтай отырып жүректің жабық массажын жасаңыздар.

Дәрігерге дейін яғни клиникадан тыс жағдайларда жүректің тікелей емес массажы жүргізіледі. Минутына 60-80 рет ірі малдарға, 100 рет ұсақ малдардың кеудесін басу керек. Дұрыс жасалған массаждың белгісі: ұйқы артериясындағы тамыр соғуының жасанды толқынының айқын анықталуы.

**4-тапсырма.** Жүректің ішіне дәрілік заттарды енгізіңіздер.

- 0,1% адреналин ертіндісі -1 мл 0,9% натрий хлоридінің 10 мл ертіндісіне қосылған; *(0,2мг/кг натрий хлоридінің 10 мл ертіндісіне қосылған; венаға немес эндотрахеальді)*
- 0,1% атропин ертіндісі -23- мл;
- 10% кальций хлоридінің ертіндісі -10 мл;
- 2% натрий гидрокарбонатының ертіндісі -20 мл;
- 25% магний сульфатының ертіндісі -5-8 мл;
- *1 ммоль/кг калий хлоридін 6 мг/кг ацетилхолинмен араластырып жүрекке енгізеді.*
- *сонан соң 10%, 18 мл кальций глюконатын немесе 10% кальций хлоридін 0,05-0,1 мл/кг жүрекке енгізеді.*

### Бақылау сұрақтары

1. Реанимация дегеніміз не?
2. Агония алдындағы жағдай және агония туралы түсінік
3. Клиникалық өлім дегеніміз не?
4. Реаниматология негіздері
5. Терминалдық жағдай дегеніміз не?
6. Жүрек тоқтағанда көрсетілетін АВК
7. Тынысы тоқтағанда көрсетілетін АВК

### Қолдануға ұсынылатын әдебиеттер тізімі

#### Негізгі қолданылатын әдебиеттер:

1. Ильясов Б.К. Алғашқы ветеринарлық жәрдем. Алматы, 2001 ж.
2. Дұрманов Қ.Д. Жалпы хирургия. 2006 ж.

#### Қосымша қолданылатын әдебиеттер:

1. Уша В.В., Фельдштейн М.А., Первичная ветеринарная помощь при незаразных болезнях животных. М.,1988
2. Санин А. и др., Справочник самостоятельная ветпомощь собаке.// Минск. «Хэлтон». 2001. -297 с.

## Тәжірибелік сабақ №5

**Тақырып:** Күю және үсулерге көрсетілетін АВК

**Сабақтың мақсаты** – студенттерге күйіктердің және үсіктердің дәрежелерін ажырату және емдеу әдістерін үйрету.

**Сабақты жүргізудің әдісі:** мұғалім студенттердің осы тақырып бойынша қаншалықты дайындалып келгенін, күйік және үсіктің себебін, дәрежесін соған сәйкес емін яғни теориялық білімін тексеріп, топты 4-5 студенттен 2-3 топшаға бөледі. Оқытушының жетекшілігімен студенттер тәжірибелік жануарларға әр түрлі дәрежелі күйік және үсік жасап, оның клиникалық белгілерін байқап, соған сәйкес емдеу әдістерін үйренуге машықтанады.

**Сабақты жүргізетін орын:** Клиникада немесе операциялық бөлмеде.

**Құрал жабдықтар және материалдар:** Салфетка, дәке, мақта, ыстық су, термометр, хирургиялық құралдар (қайшылар, скальпельдер, хирургиялық және Кохер пинциттері, ине ұстағыштар, инелер, шприцтер, жібек, клей) линейка, целлофан. Ертінділер: йод тұнбасы, 1%-ды новокаин, 0,5 %-ды мүсәтір спирті, риванол 1:1000, 5%-ды бриллиант көгі, 5%-ды  $KMnO_4$ , 96<sup>0</sup> спирт – ректификат, эфир, йод-бензин-парафин (йода-0,5, бензин-450, парафин -50), пиоктанин, камфара спирті, йод-глицерин. Ұнтақтар: стрептоцид, пенициллин, Вишневский эмульсиясы, соллюкс лампасы, грелка, ыстық су, Бах лампасы.

**Тәжірибелік жануарлар:** Ірі қара мал, қой, есек, қоян, теңіз шошқасы және құс (тауық).

**Жұмыстың барысы:**

Сабақты клиникаға стационарға әкелінген немесе тәжірибелік малдарға жасанды күйік жасалған малмен жұмыс жүргізіледі.

Стационарға әкелінген малды зерттеп, клиникалық белгілерімен, күйіктің дәрежелерін және емдеу шараларын жүргізіңіздер. Ол үшін алдымен анамнез жинап, патологиялық процессті яғни клиникалық көрінісін, көлемін, зақымдалу дәрежесін, көрші жатқан ұлпалардағы күйікпен салыстырып сипаттаңыздар. Күйіктің жалпы организмге әсер етуін анықтаңыздар. Ол үшін температурасын, тамыр соғуын және тыныс жиілігін өлшеңіздер. Клиникалық зерттеудің нәтижесіне сүйене отырып болжамын, диагнозын қойыңыздар және емін жүргізіңіздер.

**Жасанды термиялық және химиялық күйік, үсік туғызу.** Бірінші және екінші дәрежелі термиялық күйікті қоянда жасауға болады. Қоянның құлағындағы жүнді қырқып, 50<sup>0</sup> градусқа дейін ысытылған суға 10-15 секундқа салып алады. Осының салдарынан қан тамырлар кеңейіп, 1 дәрежелі күйік байқалады. Сонан соң суды 62<sup>0</sup> градусқа ысытып, 10-15 секундқа салып алады. Құлағы ісініп, күлдіреуіктер пайда болады, бұл екінші дәрежелі күйіктің белгісі. Күйіктің өту дәрежесін салыстыру үшін әр түлік малға (жылқы, ит және т.б.) жасанды күйік жасалу керек. Ол үшін алдын ала инфльтрациялық немесе

өткізгіштік анестезия жүргізілген көкірек аумағына 600<sup>0</sup>- қа қыздырылған металл пластинаны (8-10см<sup>2</sup>) басады. Бірінші, екінші және үшінші дәрежелі күйік жасау үшін пластинканы денесінде 5 секундқа, ал төртінші дәрежелі күйік туғызу үшін 10 секундқа ұстап тұрамыз.

Химиялық күйік әр түрлі қышқылдармен, сілтілермен, күйдірілмеген әк, иприт, люизит арқылы жасауға болады.

Үсікті ақ қоянда жасауға болады. Қоянның құлағындағы жүнді қырқып, суық суға салады. Бірнеше минуттан кейін құлақтың бозарғандығын байқауға болады. Суықта ұзағырақ ұстасақ бірінші, екінші және үшінші дәрежелі үсік пайда болады.

**1- тапсырма.** Термиялық күйіктердің дәрежесін ажырата білу және соған сәйкес емдеу әдістерін игеру.

Күйіктің дәрежесіне сәйкес ем жүргізіңіздер.

Жалпы емін жүргізу үшін, новокаинді тежеу қолданады, ірі қара малдарға тері астына 1 кг тірі салмаққа 0,5-1 мг аминазин және 0,3-0,5 мг димедрол, ұсақ малдарға 2,5 мг және 0,02-0,03 мг, токсемияға қарсы қан тамыры арқылы глюкоза,

Емі 10%- нан артық күйген жануарларды емдеу экономикалық жағынан тиімсіз. Басқа жағдайларда ем кешенді түрде жүргізіледі, ең алдымен ауырсынуды басатын (новокаиндік тежеулер, тері астына аминазин 1 кг салмаққа 0,5-1 мг және димедрол ірі қара малға 1 кг салмаққа 0,3-0,5 мг, ұсақ малдарға 2,5 мг және 0,02-0,03 мг) препараттар қолданылады. Токсемияға қарсы венаға глюкоза енгізеді, 30%-ды натрий гипосульфатын (5-10 күн), 4%-ды сода ертіндісін ірі қараға 100-200 мл және ұсақ малдарға 15-40 мл, сонымен қатар қан құяды. Тұз балансын нормасына келтіру үшін, гипертоникалық ертіндісін енгіземіз. Жүрек қан тамыр жүйесін жақсарту үшін күнделікті бұлшықетке камфара майын қолданады, венаға Плахотиннің камфарлы қан сарысуын енгізеді. Иммунобиологиялық реактивтілігін жоғарлату үшін аутогемотерапияны, ұлпалы терапияны, антибиотиктер қолданады. Азықтануына және суаруына көңіл бөлу керек. Күйіктің дәрежесіне байланысты, жергілікті келесі емдеу шаралары жүргізіледі. Термиялық күйік кезінде, күйген терінің бетін спиртпен немесе эфирмен күйген жүндерден тазалайды. Сонан соң стерильді қайшымен жарылған күлдіреуіктердің ұшын кесіп отырады, жарылмаған үлкен іріндеген күлдіреуіктерді жарады. Күйіктің беті инфекцияланбай және қабыршық пайда болу үшін, 2%-ды спиртті бриллиант көгін немесе бірнеше рет 5%-ды калий перманганатының ертіндісімен сүртеді.

Үшінші дәрежелі күйік кезінде өліеттенген ұлпаларды алып тастайды. Терең көлемі жағынан үлкен емес жолақты күйіктерді 2-3 күннен кейін, яғни өліеттенген ұлпа пайда болғаннан кейін, зақымдалған ұлпаны сау ұлпаға дейін кесіп алып тастайды. Операция жергілікті жансыздандыру қолдана отырып жүргізеді. Қанды тоқтатқаннан кейін жараға антибиотиктер сеуіп, тігіс салады.

Кең терең күйіктерге 10-20%-ды салицил майын қалың етіп жағады және тәулігіне 1 рет 30-40 минут жылы процедуралар жүргізеді. Салицил майы теріні жұмсартады, және келесі өңдеу барысында, олар оңай алынады. 3-5-ші тәуліктерде өлі ұлпаларды алып тастайды. Жараның бетінде түйіршікті ұлпа тез өсу үшін, Вишневский эмульсиясымен немесе 2%-ды хлорамин ертіндісімен суландырады, қуаттандырғыш терапия жүргізеді.

Тез жазылу үшін және үлкен тыртықтар қалмас үшін, терінің аутоотрансплантация жүргізеді.

**2 – тапсырма.** Қышқылдар мен сілтілер күйіктерін анықтау және емдеу әдістерін игеру. Ауру малдың анамнезін жинап, күйіктердің немен қалай пайда болғанын анықтаңыздар. Бұдан кейін малдың терісінің бүтіндігін зерттеңіздер. Қышқылдардың әсерімен пайда болған күйікте беткейлі түрін анықтайсыңдар, беті құрғақ, ауырсынуы болады, ал сілтілерден пайда болған күйіктер тереңге кетеді, беті дымқылданып, өліеттеніп, сұрғылт түсті болады.

Емі. Күйген жерді суық сумен жуыңдар, қышқылдардың күйігінде 5-10% ас содасының ертіндісін, ал сілтілерден болған күйіктерде 1% сірке ертіндісін қолданады.

**3 – тапсырма.** Үсіктің белгілеріне қарай дәрежесін анықтап, емдеу әдістерін игеру.

Үсікті емдеу. Егер де үсік 1,2 дәрежеге жетсе, оны 3 дәрежеге ұласпай тұрғанда қан айналымын ретке келтіру керек. Емі реакцияға дейінгі кезеңде жылы ванна қолданып, Соллюкс шамымен қыздырыңдар, уқалаңдар. Реакция кезінде үсіктің бірінші дәрежесінде камфорлы спиртпен, 0,5%-ды пиоктаниннің спирт ертіндісімен сүртіп, уқалап, Соллюкс шамымен қыздырып, қымтап жылытыңдар. Екінші дәрежесінде камфорлы спиртпен үсіктің бетін өндеп күлдіреген терінің бетін жарып пиоктаниннің 2%-ды ертіндісімен ультракүлгін сәулесін, Вишневский эмульсиясын, стрептомицин, биомицин майын қолданып дәкемен таңып емдеңдер.

Көлемді өліеттенуде некроэктомия операциясын, кей жағдайда мүшелерге ампутация жасап емдейді.

### **Бақылау сұрақтары**

1. Күйіктің 2 дәрежесін қалай ажыратасыз?
2. Күйіктің 3-4 дәрежелерін сипаттап беріңдер.
3. Күйіктің жалпы және жергілікті емі?
4. Қышқыл мен сілтінің әсерінен пайда болған күйіктердің ерекшеліктері, емі қандай?
5. 1, 2, 3 дәрежелі үсіктерді қандай белгілермен ажыратады?
6. Үсіктің реакцияға дейінгі кезеңінің белгілері қандай?

## **Қолдануға ұсынылатын әдебиеттер тізімі**

### **Негізгі қолданылатын әдебиеттер:**

1. Ильясов Б.К. Алғашқы ветеринарлық жәрдем. Алматы, 2001 ж.
2. Ильясов Б.К. Ветеринарлық хирургия, Алматы. 2008ж.
3. Дұрманов Қ.Д. Жалпы хирургия. 2006 ж.

### **Қосымша қолданылатын әдебиеттер:**

1. Общая ветеринарная хирургия/ А.Д. Белов и др.; Под ред. А.Д. Белова.-2-е изд., М.: Колос, 1981
2. Уша В.В., Фельдштейн М.А., Первичная ветеринарная помощь при незаразных болезнях животных. М.,1988
3. Санин А. и др., Справочник самостоятельная ветпомощь собаке.// Минск. «Хэлтон». 2001. -297 с.
4. Практикум по общей ветеринарной хирургии; Под ред. И.А. Калашника, М.: Колос, 1971.с 96-103.
5. Русанов С.А., Ожоги и отморожения; М: Медгиз, 1958. с.82.



## Тәжірибелік сабақ №6

**Тақырып:** Улану кезінде көрсетілетін АВК

**Сабақтың мақсаты** – студенттерге улану кезінде алғашқы көмек көрсету әдістерін үйрету.

**Сабақты жүргізудің әдісі:** мұғалім студенттердің осы тақырып бойынша қаншалықты дайындалып келгенін, уланудың себебін, соған сәйкес емін яғни теориялық білімін тексеріп, топты 4-5 студенттен 2-3 топшаға бөледі. Оқытушының жетекшілігімен студенттер клиникаға келіп түскен уланған жануарлардың себебін анықтап, оның клиникалық белгілерін байқап, соған сәйкес алғашқы көмек көрсету әдістерін үйренуге машықтанады.

**Сабақты жүргізетін орын:** Клиникада немесе операциялық бөлмеде.

**Құрал жабдықтар және материалдар:** Салфетка, дәке, мақта, ыстық су, термометр, хирургиялық құралдар (қайшылар, скальпельдер, хирургиялық және Кохер пинциттері, ине ұстағыштар, инелер, шприцтер, жібек, клей). Ертінділер: апоморфинді 0,01-0,04мг/кг, Глаубер тұзы, парафин майын 10-100 мл, Рингер немесе 5 %-тік глюкозаға физиологиялық ертінді (1:1), 20% маннитол, май, фуросемид, йод тұнбасы, 1%-ды новокаин, 0,5 %-ды мүсәтір спирті, риванол 1:1000, 5%-ды бриллиант көгі, 5%-ды  $KMnO_4$ , грелка, марганцовка араласқан жылы су.

**Тәжірибелік жануарлар:** Ірі қара мал, қой, ит, мысық.

**Жұмыстың барысы:**

**1- тапсырма.** Уды шығарыңыздар.

Уды шығару. Уды енген жеріне шығару қажет және оның әрі қарай сіңуіне жол беремеу керек.

Ол үшін тез арада, мұқият мынадай кешенді шаралар жүргізу қажет:

**Асқазанды тазалау**

Құсу: құстырғыш препарат апоморфинді 0,01-0,04мг/кг тері астына немесе бұлшықетке енгіземіз.

Калий перманганаты қосылған жылу сумен асқазанды шаю, шаюды тоқтатамыз, егерде берген су таза, ешқандай тамақ немесе улы заттың қалдығынсыз шықса.

**Нәжіспен бірге уды шығару.**

Клизма. Көп мөлшерде жылы сумен. Глаубер тұзымен, іш айдатқыш препараттармен, ауыз арқылы парафин майын 10-100 мл пероральді береді. Күшті іш айдатқыштарды беруге болмайды.

**Улы затты бүйрек арқылы шығару, зәрдің бөлінуін қуаттандыру.**

Рингер немесе 5 %-тік глюкозаға физиологиялық ертінді (1:1) қосылған ертіндімен 15-20мл/кг салмаққа венаға енгіземіз.

**Зәрді шығару.** 20% маннитолды 0,5-2г/кг венаға. Фуросемид 2,5-5мг/кг венаға, бұлшықетке, тері астына күніне 1-3 рет, интервал 4-8 сағат.

**Жуу және жүнін алу.**

Егерде у тері арқылы енсе. Ол үшін теріні зақымдап алмай жүнін қиямыз. Суда еритін улы, жылы сумен жуамыз. Майда еритін улы өсімдік майымен немесе сабынды сумен жуамыз.

### **Бақылау сұрақтары**

1. Азықпен улану кезіндегі көрсетілетін АВК
2. Улану кезінде көрсетілетін АВК
3. Улы шөптермен уланғанда көрсетілетін АВК

### **Қолдануға ұсынылатын әдебиеттер тізімі**

#### **Негізгі қолданылатын әдебиеттер:**

1. Ильясов Б.К. Алғашқы ветеринарлық жәрдем. Алматы, 2001 ж.
2. Ильясов Б.К. Ветеринарлық хирургия, Алматы. 2008ж.
3. Дұрманов Қ.Д. Жалпы хирургия. 2006 ж.

#### **Қосымша қолданылатын әдебиеттер:**

1. Уша В.В., Фельдштейн М.А., Первичная ветеринарная помощь при незаразных болезнях животных. М.,1988
2. Санин А. и др., Справочник самостоятельная ветпомощь собаке.// Минск. «Хэлтон». 2001. -297 с.

## Тәжірибелік сабақ №7

**Тақырып:** Жұқпалы емес ауруларды көрсетілетін АВК (өңеш бітелуі)

**Сабақтың мақсаты** – студенттерге өңеш бітелуі кезінде алғашқы көмек көрсету әдістерін үйрету.

**Сабақты жүргізудің әдісі:** мұғалім студенттердің осы тақырып бойынша қаншалықты дайындалып келгенін, өңеш бітелудің себебін, соған сәйкес алғашқы көмегін яғни теориялық білімін тексеріп, топты 4-5 студенттен 2-3 топшаға бөледі. Оқытушының жетекшілігімен студенттер клиникаға келіп түскен өңеш бітелген жануарлардың себебін анықтап, оның клиникалық белгілерін байқап, соған сәйкес алғашқы көмек көрсету әдістерін үйренуге машықтанады. Егер жануарлар болмаған жағдайда осы тақырып бойынша видео фильм көрсету.

**Сабақты жүргізетін орын:** Клиникада немесе операциялық бөлмеде.

**Құрал жабдықтар және материалдар:** Салфетка, дәке, мақта, хирургиялық құралдар (қайшылар, скальпельдер, хирургиялық және Кохер пинцеттері, ине ұстағыштар, инелер, шприцтер). Ертінділер: 5%-ды  $\text{KMnO}_4$ , 300-500 мл өсімдік майы, вазелин, зонд, кендір тұқымы.

**Тәжірибелік жануарлар:** Ірі қара мал, қой, ит, мысық.

**Жұмыстың барысы:**

1- тапсырма. Өңештің бітелудің себебін және клиникалық белгілерін анықтап, дәрігерге дейін жәрдем көрсетіңіздер.

**Себебі.** Ірі қара мен жылқыдан картоп, сәбіз, және басқа да тамыр түйнекті жемістер т.б. болып табылады.

**Клиникалық белгілер.** Мал тынышсызданады, аузынан сілекей ағады, мал мойнын соза береді, кейде аузын ашып тұрады, жиі-жиі жұтынады. Жем-шөптен және судан қалады. Жұтқыншақтағы жараланған кезде мұрынан қан ағады. Шошқа мен ит жиі-жиі лоқсиды. Құсық кеңірдекке түсіп, бронхопневмония болуы мүмкін. Ірі қараның күйіс қайыруы тоқталып, қарыны кеуіп, еңтігеді, жүрегі жиі соғады, кілегей қабықтары бозғылт тартады. Мал өледі. Дерееу дәрігерлік жәрдем көрсету қажет.

Өңештің жұтқыншаққа жақын жері бітеліп қалса әдетте бөгде дененің көмекейге батуы салдарынан мал жөтеледі. Өңештің мойын бөлегінде бөгде затты қолмен сипап көріңіздер. Өңештің мойын жақ бөлігінде үлкендігі жұдырықтай қатты зат білінеді, оны мал ауырсынбайды. Алайда, үстіңгі жағы бөгде заттың үшкір болса және ол ұзақ уақыт тоқтап тұрса, оны малдың ауырсынуы да мүмкін. Үшкір бөгде дене өңештің қабырғасын жыртып жіберуі ықтимал, соның салдарынан өңеш ісінеді малдың өлуіне әкеліп соқтырады.

Өңештің кеуде жағындағы бөгде денені зондпен анықтайды. Ішке жіберген зондтың бір ұшы бөгде денеге барып тіреледі. Рентгенмен бөгде заттың жатқан орны айқындала түседі. Кейде өңештің түйілуі жойылып кетеді, сөйтіп, бөгде зат қарынға өтеді. Алайда, солай болар деп күтіп тұруға

болмайды, әсіресе күйісті мал үшін қауіпті, өйткені олардың іші тез арада кеуіп кетеді. Өңештің бітеліп қалғанын күйісті малдың қарыны торсыып кеуіп кетуіне аңғаруға болады. Іш кепкенде жиі жұтынуы, сілекей ағу, малдың лоқсуы жойылады. Бөгде дене табылмады, ал зонд емін-еркін асқазанға өтеді.

**Дәрігерге дейінгі жәрдем.** Дәрігерге дейінгі жәрдемнің аса пайдалы болуы ықтимал. Аузына шөлмектен 300-500 мл өсімдік майы құйылады. Бұл май жұтқыншақтың, өңештің және тұрып қалған затты майлап жылмағай етеді. Жұтқыншаққа жақын жерде тұрған бөгде денені мойынның екі жағына саусақпен ұстап тұрып, ауызға қарай жылжытады. Егер дене мұнымен шықпаса, ол жұтқыншаққа тақап келгенде көмекші адам малдың аузын есінете ашып, тілін ұстап алып, тартып тұрып, екінші қолын жұтқыншаққа салып жабысып тұрған затты тартып алады. Ұсақ малдан бұл затты корнцангпен немесе ұзын қысқашпен тартып алады.

Егер, бөтен дене жұтқыншақтан әрі де тұрған болса, онда шөлмектен жылы вазелин майын құйған жақсы. Сонан кейін біраз уақыт өткен соң асқазанның түйілуі басылады, сонан соң тұрып қалған бөгде денені зондпен қарынға қарай итеріп жібереді. Кейде ірі қараға 1 л кендір тұқымының жылы қайнатпасын құйып, малды өрге қарай айдайды. Егер ол күткенде нәтиже бермесе, онда мал дәрігерін немесе фельдшерді дереу шақыру қажет.

### **Бақылау сұрақтары**

1. Өңеш бітелудің себебі?
2. Өңеш бітелудің клиникалық белгілері?
3. Өңеш бітелгенде дәрігерге дейінгі жәрдем қалай жүргізіледі?

### **Қолдануға ұсынылатын әдебиеттер тізімі**

#### **Негізгі қолданылатын әдебиеттер:**

1. Ильясов Б.К. Алғашқы ветеринарлық жәрдем. Алматы, 2001 ж.
2. Муралинов К.К. Оперативтік хирургия. Алматы, 2006 ж.

#### **Қосымша қолданылатын әдебиеттер:**

1. Общая ветеринарная хирургия/ А.Д. Белов и др.; Под ред. А.Д. Белова.-2-е изд., М.: Колос, 1981
2. Уша В.В., Фельдштейн М.А., Первичная ветеринарная помощь при незаразных болезнях животных. М.,1988
3. Санин А. и др., Справочник самостоятельная ветпомощь собаке.// Минск. «Хэлтон». 2001. -297 с.
4. Магда И. И. и др. Оперативная хирургия с основами топографической анатомии домашних животных. М.: Колос, 1979;
5. Шебиц Х. и др., Оперативная хирургия.// М., «Аквариум», 2001. – 511 с.

## Тәжірибелік сабақ №8

**Тақырып:** Туу барысында көрсетілетін АВК

**Сабақтың мақсаты** – студенттерге туу барысында көрсетілетін алғашқы көмек көрсету әдістерін үйрету.

**Сабақты жүргізудің әдісі:** мұғалім студенттердің осы тақырып бойынша қаншалықты дайындалып келгенін, теориялық білімін тексеріп, топты 4-5 студенттен 2-3 топшаға бөледі. Оқытушының жетекшілігімен студенттер клиникаға келіп түскен туалмай жатқан буаз малға алғашқы көмек көрсету әдістерін үйренуге машықтанады. Егер жануарлар болмаған жағдайда осы тақырып бойынша видео фильм көрсету.

**Сабақты жүргізетін орын:** Клиникада немесе операциялық бөлмеде.

**Құрал жабдықтар және материалдар:** Салфетка, дәке, мақта, ыстық су, термометр, хирургиялық құралдар (қайшылар, скальпельдер, хирургиялық және Кохер пинциттері, ине ұстағыштар, инелер, шприцтер, жібек, кетгут). Ертінділер: окситоцин, Рингер немесе 5 %-тік глюкозаға физиологиялық ертінді (1:1), йод тұнбасы, 1%-ды новокаин, 0,5 %-ды мүсәтір спирті, риванол 1:1000, 5%-ды бриллиант көгі.

**Тәжірибелік жануарлар:** Ірі қара мал, қой, ит, мысық.

**Жұмыстың барысы:**

**1-тапсырма.** Туу барысында малға алғашқы көмек көрсетіңіздер.

Көбіне сиыр дұрыс туа алмайды, ондайда жедел жәрдем көрсету үшін арнаулы білім керек. Сондықтан ондай жәрдемді тек мал дәрігерлері мен фельдшерлер ғана көрсетеді. Жәрдемнің міндеті-төлді және оның енесін тірі сақтаумен қатар сиырдың өнімділігінің төмендеуімен жол бермеу. Мынаны да ескеру керек, төлді суырып алу үшін тек толғақ үстінде ғана күш жұмсауға болады, онда да жамбастың анатомиялық құрлымын және төлдің келу ыңғайын ескеру керек. Төлдің мүшелерінің теріс келуін, жатуын тек жатыр қуысында ғана түзеуге болады, өйткені жамбас қуысында жатқан төлдің мүшесін қажет ыңғайда қозғалтуға болмайды. Төлді жатыр қуысына қарай ығыстыру керек. Төл құрғақ туған кезде енесінің жатырына 38-40<sup>0</sup> температурасы бардәріленген кілегей маңыз қайнатып құяды. Төлді итермелеп салған кезде жатырда дұрыс орналаспаған барлық мүшелерге тұзақ салынады.

### Бақылау сұрақтары

1. Туу процесі қалай өтеді?
2. Туар алдында көрінетін белгілер
3. Туу барысында көрсетілетін алғашқы көмек қалай жүргізіледі?
4. Туу барысында қандай дәрілік заттар және құрал жабдықтар қолданылады?
5. Туылған төлге алғашқы көмек қалай көрсетіледі?

## **Қолдануға ұсынылатын әдебиеттер тізімі**

### **Негізгі қолданылатын әдебиеттер:**

1. Ильясов Б.К. Алғашқы ветеринарлық жәрдем. Алматы, 2001 ж.
2. Муралинов К.К. Оперативтік хирургия. Алматы, 2006 ж.
3. Дұрманов Қ.Д. Жалпы хирургия. Алматы, 2006 ж.
4. Жоланов М.Н., Қойбағаров Қ.У., Туребеков О.Т., Мадияров М.Ә. Мал акушерлігі және гинекологиясы, Алматы, 2005 ж.

### **Қосымша қолданылатын әдебиеттер:**

1. Общая ветеринарная хирургия/ А.Д. Белов и др.; Под ред. А.Д. Белова. -2-е изд., М.: Колос, 1981
2. Уша В.В., Фельдштейн М.А., Первичная ветеринарная помощь при незаразных болезнях животных. М.,1988
3. Санин А. и др., Справочник самостоятельная ветпомощь собаке.// Минск. «Хэлтон». 2001. -297 с.
4. Магда И. И. и др. Оперативная хирургия с основами топографической анатомии домашних животных. М.: Колос, 1979;
5. Шебиц Х. и др., Оперативная хирургия.// М., «Аквариум», 2001. – 511 с.

## Тәжірибелік сабақ №9

**Тақырып:** Мес қарынды және қуықты тесу.

**Сабақтың мақсаты** –мес қарында газдың және қуықта несептің толуы кезінде алғашқы көмек көрсетуді яғни тесуді үйрену.

**Сабақты жүргізудің әдісі:** оқытушы студенттердің теориялық білімін тексеріп, топты 4-5 студенттен 2-3 топшаға бөледі. Оқытушының жетекшілігімен әр бір топшадағы студенттер өздігінен муляждарда немесе өлекселерде тесу нүктелерін тауып, тесуді меңгеру.

**Сабақты жүргізетін орын:** Клиника немесе операциялық бөлме.

**Құрал жабдықтар және материалдар:** Әр түрлі диаметрлі троакар, ірі қара малға диаметрі -1 см, ұсақ малдарға 0.4-0.5 см, Бобров инъекционды мандрена, катетер, гигроскопиялық мақта, 70-96<sup>0</sup>-ты спирт, 5% йодты спирт ертіндісі, 2%-ды креолин, лизол немесе эспумизан ертінділері, коллоди, новокаин, антибиотиктер, .

**Тәжірибелік жануарлар:** Ірі қара мал, ит, зертханалық жануарлар.

**Жұмыстың барысы:**

**1-тапсырма.** Мес қарынды тесіңіздер.

*Көрсетілетін алғашқы ветеринарлық көмек.*

Тесу нүктесі аш бүйірі, яғни соңғы қабырғамен сербектің ұшынан горизонтальді сызық жасап, сол сызықтың дәл ортасында. Сол жерді қырып, йодпен өңдейді. Сонан соң терісін тартып тұрып, троакардың көмегімен, бар күшін салып яғни әсер ету күші мес қарынның барлық қабаттарды тесіп өту керек. Терісі қалың болған жағдайда тесу нүктесін скальпельмен тіледі. Троакардың ұшы иық буынына қарай бағытталу керек. Сонан соң троакардың стилетін алып, ауасын жәймен шығарады. Гильзаның саңылауы бітелген жағдайда стилетпен тазалайды. Гильза арқылы ірі қара малдың мес қарнына 300-500 мл және ұсақ малдарға 50-100 мл ашу процессіне қарсы 2%-ды креолин, лизол немесе эспумизан ертіндісін енгізеді. Сонан соң гильзаға стилетті енгізіп троакарды алып тастайды. Жара шеттерін йодпен өңдеп, коллодимен сіндірілген мақтаны басып қояды.

**2-тапсырма.** Қуықты тесіңіздер.

*Көрсетілетін алғашқы ветеринарлық көмек.*

Ұсақ малдарда Бобров инъекционды мандренасы бар ине көмегімен жасалады. Тесу нүктесі кіндіктен төмен ақ сызықтың жанында. Ол үшін алдымен терісін тартып тұрып, құрсақты, сонан соң несеп қапшығын тесеміз, инеден мандренді шығарып жәймен несепті сыртқа шығарамыз.

Ірі еркек малдың несеп қапшығын, алдын ала босатылған және дезинфекцияланған тік ішек арқылы тесіледі. Ол үшін арнайы ұзын иілген троакар немесе резина түтік жалғанған қан шығаратын ине арқылы теседі.

Сиыр мен биелерде катетеризация жасалмаған жағдайда, несеп қапшығын қынаптың вентральді қабырғасы арқылы тесіледі.

## Бақылау сұрақтары

1. Тимпания кезінде көрсетілетін АВК
2. Несеп толғанда көрсетілетін АВК
3. Тимпания кезінде қолданылатын препараттар
4. Еркек малдың несеп қапшығын қай жерінен теседі?

## Қолдануға ұсынылатын әдебиеттер тізімі

### Негізгі қолданылатын әдебиеттер:

1. Ильясов Б.К. Алғашқы ветеринарлық жәрдем. Алматы, 2001 ж.
2. Муралинов К.К. Оперативтік хирургия. Алматы, 2006 ж.
3. Ильясов Б.К. Ветеринарлық хирургия, Алматы. 2008ж.
4. Дұрманов Қ.Д. Жалпы хирургия. 2006 ж.

### Қосымша қолданылатын әдебиеттер:

1. Магда И. И. и др. Оперативная хирургия с основами топографической анатомии домашних животных. М.: Колос, 1979;
2. Уша В.В., Фельдштейн М.А., Первичная ветеринарная помощь при незаразных болезнях животных. М.,1988
3. Шебиц Х. и др., Оперативная хирургия.// М., «Аквариум», 2001. – 511 с.
4. Санин А. и др., Справочник самостоятельная ветпомощь собаке.// Минск. «Хэлтон». 2001. -297 с.



## Тәжірибелік сабақ №10

**Тақырып:** Соғылуларда және ми шайқалғанда көрсетілетін АВК

**Сабақтың мақсаты** – соққының барлық дәрежесінде және ми шайқалғанда алғашқы көмек көрсетуді үйрену.

**Сабақты жүргізудің әдісі:** оқытушы студенттердің теориялық білімін тексеріп, топты 4-5 студенттен 2-3 топшаға бөледі. Оқытушының жетекшілігімен әр бір топшадағы студенттер өздігінен клиникаға гематомамен, соққымен және ми шайқалумен келіп түскен жануарларға алғашқы көмек көрсету әдістерін үйренуге машықтанады.

**Сабақты жүргізетін орын:** Клиника немесе операциялық бөлме.

**Құрал жабдықтар және материалдар:** суық (қар, мұз), қыздырғыш компресстер, Минин және соллюкс лампасын, парафин. Ертінділер: 0,25% -ды новокаин, лобелин, 0,15% цититон, бромды натрий, комбелен, ромпун, гипертоникалық ерітінді (40 % глюкоза, 10 % натрий хлориді, 10% калий хлориді), гидрокортисон, 70-96<sup>0</sup>-ты спирт, 5% йодты спирт ертіндісі, антибиотиктер.

Хирургиялық құралдар: қайшылар, скальпельдер, хирургиялық және Кохер пинциттері, ине ұстағыштар, инелер, шприцтер, жібек, кетгут, мақта, дәке.

**Тәжірибелік жануарлар:** Ірі қара мал, ит, зертханалық жануарлар.

**Жұмыстың барысы:**

**1-тапсырма.** Соққының төрт дәрежесінде де алғашқы көмек көрсетіңіздер.

Ұлпаның зақымдалу деңгейіне байланысты 4 дәрежеге бөлінеді.

1-ші дәреже ұсақ тамырлардың бүтіндігі бұзылып, аздап қан ағуымен сипатталады.

2-ші дәреже ірі қан тамырлардың бүтіндігі бұзылып, қан ағу нәтижесінде, қан толған қуыс пайда болады (гематома).

3-ші дәреже зақымдалған ұлпа өліеттенеді.

4-ші дәреже ұлпаның құрлымсыз массаға айналуымен. Инфекцияның өніп өсуіне қолайлы жағдай туындайды.

Клиникалық белгілері. Ауырсыну, қанды ісіну, ісіну, жарақаттанған мүшелердің қызметінің бұзылуы.

**Емі.** Аурудың бірінші кезеңінде ауырсынуды, қанды тоқтату керек. Осы мақсатта суық (қар, мұз) және қысқыш байлам қолданады. 2-3-ші күннен кейін яғни тамырлар бекітілгеннен кейін, жылу (қыздырғыш компресстер, Минин және соллюкс лампасын, парафин) қолданады, сонан соң массаж. Терінің беткі қабатының сыдырылуы және қанды ісіну кезінде жылу қолдануға болмайды, өйткені ұлпаның инфекциялану қауіпі туындайды. Венаға 0,25% -ды новокаин ертіндісін 1 мл 1кг салмаққа енгізу тиімді әсер береді. Соққының 3 және 4 дәрежесінде дәрігердің жетекшілігімен операция жасау қажет.

**2-тапсырма.** Ми шайқалғанда алғашқы көмек көрсетіңіздер.

*Клиникалық белгілері.* Ми шайқалудың жеңіл дәрежесінде жануар құлап, бірнеше минут тұра алмай қалады, ауыр жағдайда бірнеше сағат жатып қалады. Тамыр соғысы жиілейді не бәсеңдейді, кілегейлі қабықша бозарады, рефлексі төмендейді, тынысы тарылылады, срыл пайда болады және т.б. Ми шайқалудың жеңіл түрінде жануар жазылып кетсе, ауыр түрінде – коматозды күйден шыға алмай өліп кетуі де мүмкін.

*Емдеу.* Ұзақ мерзімді тыныш күйге қояды. Жүрек әлсіздігінде кафора, кофеин қолданса, тынысы тарылғанда тері астына 1% лобеллин не 0,15% цититон ерітіндісін егеді. Қозуды басу үшін бромды натрий, комбелен, ромпун қолданады. Ми ісінуін төмендету үшін тамырға гипертонды ерітінді құяды (40 % глюкоза, 10% натрий хлориді, 10% калий хлориді) және тері асты гидрокортисон егіледі.

### **Бақылау сұрақтары**

1. Соққының себебі және клиникалық белгілері
2. Соққының қанша дәрежесі бар және клиникалық белгілері?
3. Соққының дәрежесіне сәйкес емі
4. Ми шайқалуының себебі және клиникалық белгілері
5. Ми шайқалуының емі

### **Қолдануға ұсынылатын әдебиеттер тізімі**

#### **Негізгі қолданылатын әдебиеттер:**

1. Ильясов Б.К. Алғашқы ветеринарлық жәрдем. Алматы, 2001 ж.
2. Муралинов К.К. Оперативтік хирургия. Алматы, 2006 ж.
3. Ильясов Б.К. Ветеринарлық хирургия, Алматы. 2008ж.
4. Дұрманов Қ.Д. Жалпы хирургия. Алматы, 2006 ж.

#### **Қосымша қолданылатын әдебиеттер:**

1. Общая ветеринарная хирургия/ А.Д. Белов и др.; Под ред. А.Д. Белова.-2-е изд., М.: Колос, 1981
2. Уша В.В., Фельдштейн М.А., Первичная ветеринарная помощь при незаразных болезнях животных. М.,1988
3. Санин А. и др., Справочник самостоятельная ветпомощь собаке.// Минск. «Хэлтон». 2001. -297 с.
4. Полли М. Тейлор и др., Травматология собак и кошек.// М., «Аквариум», 2003. -221 с.

## Студенттердің өзіндік жұмыстары (СӨЖ)

Оқу әдістемелік нұсқауының бұл бөлімі «Алғашқы ветеринариялық көмек» типтік оқу бағдарламасы негізінде жазылып, 5В120200 – ветеринариялық санитария мамандығының студенттеріне өзіндік жұмысты (реферат) орындауға көмек көрсетуді мақсат етеді.

Өзіндік жұмысты орындаудың мақсаты- студенттердің өзі қазіргі жаңа қосымша, анықтамалық және интернеттегі әдебиеттермен жұмыс жасай алу керек.

«Алғашқы ветеринариялық көмек» пәні бойынша студенттер өзіндік жұмысты орындау барысында дұрыс жоспар құру, жаңа әдістерді, құралдарды, аппараттарды және дәрілік препараттарды, алғашқы көмек көрсетудің жаңа әдістерін меңгеріп, қортындылап, баяндап, сөзбен ойын дұрыс жеткізе алу керек.

Өзіндік жұмысты (рефератты) оқытушы студенттерге жеке тапсырма ретінде береді. Реферат силлабуста көрсетілген мерзімде тапсырылады.

Өзіндік жұмыс (реферат) өзінің мазмұны жағынан курс студентінің нақты тақырып бойынша өздігінен дайындайтын, компьютерлік немесе қолжазба түріндегі жұмысы.

Өзіндік жұмыстың (рефераттың) құрылымдық элементтеріне мыналар жатады:

- сыртқы беті;
- жоспары;
- кіріспе;
- негізгі бөлім;
- қорытынды;
- пайдаланылған әдебиеттер тізімі;
- қосымшалар.

Өзіндік жұмыстың (рефераттың) жоспарында кіріспе бөлімінің, реттік нөмірлер және барлық тараулардың атауларын, тараушаларды, қорытындыны, пайдаланылған әдебиеттер тізімін, беттердің нөмірлері көрсетілген қосымшаларын қамтиды.

Кіріспе бөлім өзіндік жұмыстың (рефераттың) практикалық маңыздылығын, қазіргі ғылыми мәселелерді шешу, ахуалын бағалаудан, сонымен қатар тақырыптың мақсатын, теориялық негіздерін құрайды.

Өзіндік жұмыстың (рефераттың) негізгі бөлімінде, тақырып бойынша өзі жинаған мәліметтер келтіріледі.

Қорытынды бөлімінде тақырып бойынша студенттің өз ойының қортындысынан және нақты ұсыныстардан тұруы қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі талаптарға сәйкес рәсімделеді.

Қосымшаға тақырып бойынша суреттер, үлгілер, нұсқаулар кіргізіледі.

## Өзіндік жұмысты (рефератты) ресімдеу тәртібі

Өзіндік жұмыстың (рефераттың) көлемі 10 беттен кем болмауы қажет.

Өзіндік жұмыс (реферат) компьютер немесе қолжазба, принтер арқылы А4 форматты ақ қағаздың бір жақ бетіне бір интервал (аралық) сақтай отырып орындалады. Шрифт-қалыпты, кегль 14.

Өзіндік жұмыстың (рефераттың) мәтіні жан-жағынан қалдырылатын ашық орындардың (поля) мына мөлшерлерін сақтай отырып басылуы және жазылуы тиіс: сол жағынан - 30 мм, жоғары жағынан - 20 мм, оң жағынан - 10 мм және төменгі жағынан - 25 мм.

Өзіндік жұмыстың тақырыптары:

1. Асептика және антисептика
2. Алғашқы ветеринарлық көмекті ұйымдастыру
3. Наркозға қолданылатын препараттар. Олардың дозасын есептеу.
4. Анестезия теориясы
5. Стресске қарсы арналған препараттар. Оларды қолдану.
6. Қан құю түрлері, тәсілдері.
7. Хирургиялық инфекцияны алдын алу.
8. Организмнің жарақатқа жалпы жауабы.
9. Өңештің бітелуі кезінде көрсетілетін АВК
10. Инвазиялық аурулар кезінде көрсетілетін АВК
11. Мысықты және итті бекемдеу тәсілдері.
12. Қойды бекемдеу тәсілдері және құлату
13. Жылқыны бекемдеу және құлату тәсілдері
14. Ірі қараны бекемдеу және құлату тәсілдері
15. Түйені бекемдеу және құлату тәсілдері
16. Кеңірдектің бітелуіндегі АВК
17. Фосфор органикалық заттармен уланғанда көрсетілетін АВК
18. Улы шөптермен уланғанда көрсетілетін АВК
19. Жәндіктермен уланғанда көрсетілетін АВК
20. Клиникалық өлімде көрсетілетін АВК
21. Сүйек сынуларда көрсетілетін АВК
22. Буын шыққанда көрсетілетін АВК
23. Ашық жараға көрсетілетін АВК
24. Жергілікті жансыздандыру
25. Жалпы жансыздандыру
26. Қаңсырау кезінде көрсетілетін АВК
27. Залалсыздандырудың физикалық тәсілдері.
28. Туу кезінде көрсетілетін АВК
29. Ашық жарақаттардың түрлері және ем
30. Жануарлардың сепсис жағдайын анықтау және емдеу

## **Осы тақырыптар бойынша ұсынылатын әдебиттер тізімі.**

### **Негізгі қолданылатын әдебиеттер:**

1. Ильясов Б.К. Алғашқы ветеринарлық жәрдем. Алматы, 2001 ж.
2. Муралинов К.К. Оперативтік хирургия. Алматы, 2006 ж.
3. Ильясов Б.К. Ветеринарлық хирургия, Алматы. 2008ж.
4. Дұрманов Қ.Д. Жалпы хирургия. Алматы, 2006 ж.
5. Жоланов М.Н., Қойбағаров Қ.У., Туребеков О.Т., Мадияров М.Ә. Мал акушерлігі және гинекологиясы, Алматы, 2005 ж.
6. Абдулла А.А. Ашық механикалық жарақат, Алматы, 2011 ж.

### **Қосымша қолданылатын әдебиеттер:**

1. Общая ветеринарная хирургия/ А.Д. Белов и др.; Под ред. А.Д. Белова.-2-е изд., М.: Колос, 1981
2. Ветеринарная фармация: Под ред.В.Д.Соколова.-496с.; М.:Колос, 2003
3. Магда И. И. и др. Оперативная хирургия с основами топографической анатомии домашних животных. М.: Колос, 1979;
4. Уша В.В., Фельдштейн М.А., Первичная ветеринарная помощь при незаразных болезнях животных. М.,1988
5. Шебиц Х. и др., Оперативная хирургия.// М., «Аквариум», 2001. – 511 с.
6. Санин А. и др., Справочник самостоятельная ветпомощь собаке.// Минск. «Хэлтон». 2001. -297 с.
7. Паршин А.А. и др., Хирургические операции у собак и кошек.// «Аквариум», ФГУИППВ. 2003. – 230 с.
8. Полли М. Тейлор и др., Травматология собак и кошек.// М., «Аквариум», 2003. -221 с.